

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122'1(043.3)

Қолжазба құқығында

АЯЗБАЕВА СӘУЛЕ АЯЗБАЙҚЫЗЫ

Қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім модельдері

6D021300 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:
Түймебаев Ж.Қ.,
филол.ғ. докторы, профессор
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Авакова Р.А.,
филол.ғ. докторы, профессор
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Суер Екер, PhD, профессор
Башкент университеті, Түркия

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

	АНЫҚТАМАЛАР	3
	КІРІСПЕ	6
1	ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖҰРНАҚ МОРФЕМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СИНГАРМОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАНЫМЫ	
1.1	Қазақ фонетикасы мен морфонологиясының зерттелу кезеңдері	13
1.2	Түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың тіркесімі	21
1.3	Қазақ тіліндегі үндесім құбылысы	27
1.4	Қазақ тілі жұрнақтарының буын тұрқын модельдеу	31
2	ЕСІМДЕРДІҢ ҮНДЕСІМ-ҮЙЛЕСІМ МОДЕЛЬДЕРІ	
2.1	Заттекті жұрнақ: үндесім-үйлесім модельдері	47
2.1.1	Заттекті жұрнақтардың – <i>Л</i> [<i>л</i>] тобы	48
2.1.2	Заттекті жұрнақтардың – <i>Д</i> тобы	54
2.1.3	Заттекті жұрнақтардың – <i>Т</i> тобы	59
2.1.4	Заттекті жұрнақтардың – <i>Ш</i> тобы	64
2.2	Сынтекті жұрнақ: үндесім-үйлесім модельдері	76
2.2.1	Сынтекті жұрнақтардың – <i>Т</i> тобы	76
2.2.2	Сынтекті жұрнақтардың – <i>С</i> тобы	81
3	ӘРЕКЕТТЕКТІ ЖҰРНАҚ: ҮНДЕСІМ-ҮЙЛЕСІМ МОДЕЛЬДЕРІ	
3.1	Әрекеттекті жұрнақтардың – <i>А</i> тобы	87
3.2	Жұрнақтардың тіркесім реті	104
3.3	Қазақ тілі жұрнақтардың функционалды-просодикалық көрінісі	106
	ҚОРЫТЫНДЫ	111
	ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	112
	ҚОСЫМША А	120
	ҚОСЫМША Ә	132

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдер мен олардың анықтамалары қолданылды:

Агглютинация үдерісі – дыбыстардың гармониясы негізінде белгілі фонетикалық құбылыс арқылы жалғануы.

Аллосингема – сингеманың фонетикалық варианты.

Аллотонема – тонеманың фонетикалық варианты.

Аллофон – фонеманың фонетикалық варианты.

Акустика (жұрнақ құрамындағы дыбыстың дербес айтылымы) - дыбыстың айтылымына қатысты ауыз қуысы мен көмей қуысының өзара жүйесін (резонаторлар немесе жаңғыртқылардың қалпын) анықтауы.

Акустикалық (айтылым) фонетика – дыбыстар мен сөз оралымдарының физикалық табиғатын зерттейтін тілтаным саласы.

Артикуляция (жұрнақ құрамындағы дыбыстың дербес жасалымы) – дыбыстың дербес жасалымына қатысты сөйлеу мүшелері мен олардың қалпын анықтауы.

Артикуляциялық модель – қазақ тілі дыбыстарының жасалым үлгілері арқылы (жасалу орны: тілдің көлденең қалпы; жасалу тәсілі: тілдің тік қалпы; дауыс қатысы: дауыс желбезегінің тербеліс қалпы; ерін қатысы: езулік және еріндік қалпы) рәсімделуі.

Артикуляциялық (жасалым) фонетика – тіл дыбыстарын жасауға қатысатын сөйлеу мүшелерінің қозғалысын талдайтын фонетика саласы.

Ассимиляция (үйлесім) – көрші дыбыстар жасалымының бір-біріне өзара икемделуі.

Ашық дыбыс – жақтың кең ашылып, тілдің ауыз қуысында төмен жатуы арқылы жасалатын дауысты дыбыс.

Ашық буын – бір ғана дауысты немесе дауыссыздан басталып, дауыстымен аяқталуы.

Аффрикат (жабысыңқы) – тоғысыңқы/жуысыңқы немесе жуысыңқы/тоғысыңқы жасалу тәсілдері өзара кірігу арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс.

Әліпби – жазуда қолданылатын әріптердің белгіленген тәртіп бойынша орналасқан жиынтығы.

Бітеу буын – дауыссыздан басталып, дауыстымен жалғасып, дауыссызбен аяқталады немесе дауыссыздан басталып, дауыстымен жалғасып, дауыссыз, дауыссызбен аяқталуы.

Буын үндестігі – сөз ішіндегі, сөз бен қосымша арасындағы дауыстылардың не бірыңғай жуан, не жіңішке болып айтылу заңдылығы.

Дыбыс – ауыз қуысында жасалып (жасалым), ауа арқылы тарап (айтылым), құлақ арқылы қабылданатын (естілім) фонетикалық бірлік.

Дифтонг (құранды) – бір (толық немесе жартылай) дыбыстан басталып, екінші (толық немесе жартылай) дыбыспен аяқталатын дауысты дыбыс.

Дифтонгоид – солғын дыбыстан басталып, екінші толық немесе анық дыбыспен аяқталатын дауысты дыбыс.

Жіңішке әуезді түрленім – дыбыс жіңішке әуезбен айтылып, сол буын құрамындағы көрші дыбыстың та жіңішке әуезбен айтылуы.

Жуан әуезді түрленім – дыбыс жуан әуезбен айтылып, сол буын құрамындағы көрші дыбыстың да жуан әуезбен айтылуы.

Езулік – еріннің жазылып барып жасалуы.

Езу әуезді түрленім – дыбыс езу әуезбен айтылып, сол буын құрамындағы көрші дыбыстың та езу әуезбен айтылуы.

Еріндік – еріннің сүйірленіп немесе дөңгеленіп барып жасалуы.

Ерін әуезді түрленім – дыбыс ерін әуезбен айтылып, сол буын құрамындағы көрші дыбыстың та ерін әуезбен айтылуы.

Ерін үндестігі – буын не сөз құрамындағы дыбыстардың ерін қатысына қарай өзара икемделуі.

Интерактив-инновациялық технология – қойылған мақсатқа тиімді жолмен қол жеткізуді қамтамасыз етуші жүйе.

Интерактив тақта – мультимедиялық электрондық оқыту құралдарының бірі.

Модель – бір заттың немесе құбылыстың ықшамдалған, қарапайым көрнекі үлгісі.

Монофтонг (жалаң) – бастан-аяқ біркелкі дыбысталатын дауысты дыбыс.

Қазақ сингармологиясы – жалпы (общая) фонетиканың жаңадан ендірілген құрамды бөлігі.

Қатаң (тербеліссіз) дыбыс – дауыс желбезегінің қатысынсыз жасалатын дауыссыз дыбыс

Қосымша морфема – өз алдына жеке тұрып ешбір мағына бере алмайтын, тек түбір морфемаға қосылып, оған әр түрлі қосымша мағыналар үстейтін морфема.

Қысаң дыбыс – жақтың қысаң ашылып, тілдің ауыз қуысында жоғары жатуы арқылы жасалатын дауысты дыбыс.

Сингармонизм (үндесім) – буын не сөз құрамындағы дыбыс тардың бастан-аяқ бір әуезбен айтылуы

Сингема – түркі тілдеріндегі сөз мағынасын түрлендіре алатын ең кіші фонетикалық бірлік

Сызба (геометриялық) модель – әртүрлі сызық түрлерімен (жуан/жіңішке, бүтін-үзік, ұзын-қысқа, түзу-ирек және түрлі түсті) рәсімделуі.

Ұяң (тербеліңкі) дыбыс – дауыс желбезегінің жартылай тербелімі арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс.

Үнді (тербелімді) дыбыс – дауыс желбезегінің мол тербелімі арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс

Үндестік заңы – буын не сөз құрамындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір әуезбен айтылуы.

Үндесім құбылысы – буын не сөз құрамындағы дыбыстардың (дауыстылардың да, дауыссыздардың да) бір әуезбен айтылуы.

Үндесім түрленім – тек буын деңгейінде көрінуі.

Үйлесім түрленім – дыбыстың артикуляциялық белгісіне байланысты түрленуі.

Перцепция (жұрнақ құрамындағы дыбыстың дербес естілімі) – дыбыстың дербес естілім түйсінімін анықтауы.

Перцепциялық (естілім) фонетика – тіл дыбыстарының түйсінім сипатын талдайтын фонетиканың саласы

Талдау – күрделі мәселені жекелерге, аса қарапайым кіші мәселелерге бөлуден тұратын зерттеу рәсімі.

Тіл үндестігі – буын не сөз құрамындағы дыбыстардың тілдің көлденең қалпына қарай (жуан/жіңішке) өзара икемделуі

Тілдік талдау – тіл бірліктерінің сипаттамаларын, заңдылықтарын, ерекшеліктерін, бөліну жолдарын, бір-бірімен байланысу амалдарын ажыратып саралау.

Тілдік талдау технологиясы – тілдік бірліктерді талдаудың жолдарын оңтайландыру барысында анықталатын тиімді әдіс-тәсілдер жиынтығының жобасы.

Тонема – буын тілдердегі сөз мағынасын түрлендіре алатын ең кіші фонетикалық бірлік

Тұйық буын – дауыстыдан басталып, дауыссызбен немесе дауыстыдан басталып дауыссыз, дауыссызбен аяқталуы.

Түбір морфема – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі, мағыналы бөлігі.

Транскрипция – сөйлеу үстіндегі дыбыстардың түрленім үлгілерін белгілейтін таңбалар.

Фонема – үнді-еуропа тілдеріндегі сөз мағыналарын түрлендіре алатын ең кіші фонетикалық бірлік.

Фонетика – тіл дыбыстарын зерттейтін ғылымның бір саласы.

Фонетикалық транскрипция – сөйлеу үстіндегі дыбыстардың барлық айтылым үлгілерін белгілейтін таңбалар.

Фонологиялық транскрипция – сөйлеу үстіндегі мағыналық мәні бар дыбыс түрленімін белгілейтін таңбалар.

КІРІСПЕ

Қазақ фонетикасы теориялық-фонологиялық және қолданбалы-әдістемелік бағытта зерттеліп келеді. Қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалым (артикуляциялық), айтылым (акустикалық), естілім (перцептивтік) ерекшеліктері, сингармологиялық сипаты теориялық-фонологиялық аспектіде зерттелсе, қолданбалы-әдістемелік бағытта орфоэпиялық заңдылықтардың функционалды қызметі сараланады. Мұндай зерттеулер қазақ лингвистикасының дамуына зор үлес қосады. Қазақ тілінің фонетикалық құрылымын салыстырмалы-тарихи және функционалдык аспектіде қарастыру қазақ тілінің фонологиялық жүйесін айқындауға негіз болды. Қазақ тілі дыбыстарының құрамын анықтап, жүйесін сипаттап шыққан еңбектер мол. Алайда дыбыс құрамы мен оның жүйесін анықтауда ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың саны жайлы да, олардың жасалымы (артикуляциясы) жайлы да осыны айтуға болады. Қазақ тілінің дыбыс құрамы «әліпби» дыбыстарды атап шығумен шектеліп келеді. «Әліпби» дыбыстар деп отырғанымыз қазіргі қазақ алфавитінің тізіміне ілініп отырған дыбыстар тізбегі. Ал қазіргі алфавитіміздің құранды қазақ-орыс әліпбиі екені белгілі. Ендеше кез-келген фонетикалық зерттеу қазақ тілінің төл әліпби құрамына негізделген болу керек, бұл – зерттеу жұмысына қойылатын басты талаптардың бірі. Мұндай тұжырымдар қазақ фонетикасында әлі де толық шешімін таппаған теориялық мәселелердің бар екендігін көрсетеді. Соның бірі – қазақ тілінің фонемалық құрамын әліпбилік негізде емес, табиғи-дыбыстық жүйе негізінде айқындау қажеттілігі. Себебі қазіргі қолданыстағы әліпби – қазақ және орыс графемаларының тоғысынан құралған құранды жүйе. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін төл фонема негізінде зерттеу қажет. Қазақ фонетикасын сингармологиялық, парадигмалық, функционалды-фонологиялық аспектіде зерттеу арқылы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін жан-жақты ашуға, ұлттық болмыс ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік туады.

Компьютер техникасының арқасында лингво-фонетиканың қағаз бетіндегі ойтексті (абстракт) анықтамаларын (ережелерін) интерактив тақталардың бетіне шығарып, олардың түрлі-түсті, сызба құрылымын кешенді түрде көзтаным, қолтаным және ұнтаным (зрительно-тактильно-слуховое восприятие) түрінде көрнекілеп беретін мезгіл жетті. Қазақ лингвистикасындағы интерактив-инновациялық технологияның тәжірибе амалы ретінде ұсынып отырмыз.

Қазіргі кезде компьютер қондырғысының кең таралуы арқасында әдістеме құралы ретінде интерактив тақталар пайда болғаны бұрын айтылды. Интерактив тақталар арқылы дәріс материалдарын қимыл-қозғалыс, сызба-суреттер және түрлі-түспен безендіруге мол мүмкіндіктер туды. Мұның өзі дәстүрлі сыйпаттама ережелердің түсініктемесін жан-жақты көрнекілендіріп, білім алушының көзтаным, қолтаным, естілім түйсінімін жаппай қамтуға жол ашты. Интерактив дәрістер, әсіресе, фонетика сабақтарын жүргізуге өте икемді. Қазақ тілінің дыбыс құрамының ережелері компьютер құрылғысын

пайдаланып талдауға бейім. Осындай мүмкіндікті пайдалана отырып, қазақ тілінің дыбыс талданымын интерактив үлгіге салып шығудың алғашқы тәжірибесі ұсынылып отыр.

Зерттеу тақырыбы Қазақстанның білім беру кеңістігін жаңғыртуға және ұлттық ғылымды халықаралық деңгейде интеграциялауға бағытталған стратегиялық құжаттармен тығыз байланысты. Атап айтқанда, «Қазақстан – 2050» стратегиясының 4-бөлімінде «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» екендігі атап көрсетілсе, бұл қағида зерттеуіміздің негізгі бағытымен тікелей сабақтасады. Өйткені қазақ тілі жұрнақтарының үндесім-үйлесім (интерактив-инновациялық) модельдері құру, оларды практикалық тұрғыда қолдану жоғары білім беру жүйесінде жаңа ғылыми нәтижелерді енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген 2023-2029 жылдарға арналған Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасында айқындалған ұлттық ғылымды әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялау, зерттеу сапасын арттыру және жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мәселелері стратегиялық міндет тұрғысында интерактив-инновациялық аспектісін қарастыру қазіргі заманғы тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағытты айқындап, ұлттық ғылымның халықаралық деңгейде дамуына үлес қосады.

Зерттеу нәтижелерін жаңаша тұрғыдан ғылыми және практикалық айналымға ендіру, зерттеудің ғылыми аппаратын жаңарту, фонтикалық талданымның бүкіл құрылымын жаңаша құрастыру интерактив-инновациялық бастама болмақшы.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Фонетикалық және сингармологиялық талдау бағыттарын жеке лингвистикалық салалар ретінде жүйелеу, олардың әдіснамалық және теориялық ұстанымдарын нақтылау қажеттілігі туындап отыр. Қазақ фонетикасындағы дәстүрлі сипаттама зерттеулердің нәтижесі мұндай үрдіс қозғалыстың талабын қанағаттандыра алмай қалып жатыр. Сондықтан да қазақ тілінің дыбыс құрамы мен оның жүйесін, қазақ тілінің өзіне тән дыбыстық ерекшеліктерін, тілдегі дыбыс құбылыстарын ойтексті (абстракты) түрде сипаттап емес, көрнекі және нақты түрде көзге елестетіндей етіп беру керек болып отыр. Оған тек сызба және құрастырма көрнекі құралдар, сондай-ақ ойын құралдар т.б. арқылы ғана қол жеткізуге болады. Компьютер оқулықтарын дайындау – аса қажет іс. Бұл бағыттағы шешімдер дәстүрлі тілтанымның зерттеу нәтижелерімен шешіле қоймайды. Оның жолы дыбыстың айырым/ортақ белгілеріне (дифференциальные признаки) сүйеніп жасалған модельдер болу керек.

Модель дегеніміз (французша *modele*, латынша *modulus* – мера, образец) «схема... какого-либо явления или процесса в природе или обществе» [1, 325]. Лингвистикада болса «искусственно созданное лингвистом реальное или мысленное устройство, воспроизводящее, имитирующее своим поведением (обычно в упрощенном виде) поведение какого-либо другого

(«настоящего») устройства (оригинала) в лингвистических целях» [2, 304], – деп түсінеміз. Модельдеу дегеніміз «построение моделей реально существующих предметов и явлений» [1, 325]. Белгілі құбылыстың немесе заңдылықтың сызба не заттай үлгісін жасау. Сонымен модель дегеніміз белгілі – бір заттың немесе құбылыстың ықшамдалған, қарапайым көрнекі үлгісі. Моделдің құрамында сол түпнұсқаға (оригинал) тән белгілердің бәрі сақтала бермейді. Модельде ең маңызды деген белгілер ғана сақталады. Жоғарыда «в упрощенном виде» деп арнайы ескертіп отыр.

Модель мен фонетикалық ғылыми еңбектердің құрамындағы көрнекі (иллюстратив) материалдың (кесте, сызба, сурет т.б.) арасында айырма бар. Модель өте дәл болмайды, фонетикалық құбылыс немесе заңдылықты шамалап көрсетеді, оның басты белгілерін шартты түрде алады, араларында қарапайым ғана ұқсастық болады. Ал көрнекі график, схема, суреттер өте дәл болу керек. Олардың негізінде сандық өлшемдер жатады. Сондықтан олардың құрамында бірлі-жарым белгілер жетіспей жатса немесе дәл көрсетілмей жатса, ол кемшілік болып саналады. Қазақ фонетикасының алдына жаңа мақсат пен міндет талаптар қойыла бастады. Олар тың фонетикалық сингармология теориясынан туындаған дыбыс талдаудың жаңа ұстанымдарына байланысты болып отыр. Әрине дыбыс құрамы мен оның жүйесін анықтауда ғалымдар арасында ортақ пікір жоқ. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың саны жайлы да, олардың жасалымы (артикуляциясы) жайлы да осыны айтуға болады.

Қазақ тілі дыбыстарының мәтін бетіндегі ойтексті (абстракт) анықтамаларын көрнекі дәріс үлгілеріне айналдыру, ол үшін интерактив тақталарға арналған фонетикалық шешімдерді ұсыну зерттеу жұмысының **өзектілігін** көрсетеді.

Зерттеудің нысаны – қазақ тілінің жұрнақ сегменттері, яғни морфемалық бірліктердің үндесім-үйлесім заңдылығына бағынған құрылымдық жүйесі.

Зерттеу пәні – қазақ тіліндегі жұрнақ сегменттерінің үндесім-үйлесім заңдылықтары мен олардың интерактив-инновациялық модельдері.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тілі жұрнақтарының үндесім/үйлесім түрленім құрамын анықтап, олардың көрнекі интерактив сызбасын дайындау.

Зерттеудің міндеттері:

1. Қазақ тіліндегі сингармологиялық атаулар мен терминдер жүйесін саралау және олардың ғылыми негізін нақтылау;
2. Қазақ тілінің үндесім дыбыс құрамын анықтап, олардың артикуляциялық сипаттамасын беру;
3. Қазақ тілінің үйлесім дыбыс құрамын анықтап, олардың артикуляциялық анықтамасын беру;
4. Қазақ тілі жұрнақ сегменттерінің үндесім-үйлесім құрамын толықтыру;
5. Қазақ тілінің жұрнақ сегменттерінің үндесім моделін құрастыру.

Зерттеу материалдары ретінде қазақ тіліндегі 3000-ға жуық тілдік бірлік іріктеліп алынды, зерттеу жұмысында оқулықтар, ғылыми-зерттеу еңбектері, сөздіктер, аудио материалдар пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Қазақ тілінің фонетика-грамматикалық және теория-практикалық еңбектері.

А. Байтұрсынұлы [3] қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтап, алғаш рет артикуляциялық жіктелім кестесін, артикуляциялық атау/терминдерді, буын түрлерін, оқу-құрал үлгілерін ұсынған. Қазақ тілтанымның негізін қалаған. Х. Досмұхамбетұлы [4] қазақ тіліндегі сингармонизм заңын жан-жақты талдаған алғашқы еңбек. Қ. Жұбанов [5] қазақ тілінің ғылыми курсы дайындаған, қазақ грамматикасын, фонетикасын, алфавит, орфография, терминология мәселелеріне жан-жақты және толық тоқталған, ғылыми дәріс авторы. Н. Сауранбаев [6] қазақ грамматикасының мәселелеріне жан-жақты талдау жасаған, оқулық үлгісін дайындаған, қазақ жазуының емлесіне көп көңіл бөлген. Ғ. Мұсабаев [7] қазақ тілінің лексикасының толық курсы дайындаған, тіл тарихымен шұғылданған, журналдар жайлы мақаласы бар. І. Кеңесбаев [8] лексика және фразеология мәселелерімен шұғылданған, қазақ тілінің толық фонетика курсы дайындаған, фонема және екпін теориясын ұсынған. Ы. Маманов [9] қазақ тілінің оқулығын дайындаған, негізгі еңбектері етістік категориясына арналған. Қазақ грамматикасы [10] қазақ тілінің фонетика-грамматикалық (фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис) саласын түгел қамтыған академиялық еңбек. С. Аманжолов [11], Ә. Ысқақов [12], С. Исаев [13], Ф. Оразбаева [14], С. Мырзабеков [15], т.б. ғалымдардың еңбектері мен орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктер.

Зерттеу әдістері – зерттеу жұмысында қазақ тілінің журнал сегменттерін талдауға арналған фонетика-морфологиялық, салыстырмалы-салғастырмалы, сингармологиялық, және интерактив-инновациялық модельдеу әдістері кешенді түрде қолданылды. Негізгі әдістер қатарында:

- фонетика-морфологиялық талдау – журналдардың үндесім мен үйлесім заңдылығына сәйкес түрлену ерекшеліктерін анықтау;

- **Python** бағдарламасы арқылы көрнекі сызба-кестелер арқылы жабдықтау – алынған деректердің визуалды бейнесін жасау;

- қосымшалардың артикуляциялық белгілерін модельдеу – дыбыстардың жасалу орны, тәсілі, дауыс және ерін қатысына қарай жүйелеу;

- **PowerPoint** бағдарламасы негізінде түс пен сызба-құрылым арқылы дыбыс тізбегін айқындау – морфемалық үндесімнің визуалды динамикасын көрсету.

Модельдеу үдерісі екі бағытта жүзеге асырылады:

1. Сызба (геометриялық) модель – түрлі сызық түрлері (жуан/жіңішке, бүтін/үзік, ұзын/қысқа, түзу/ирек) және түстер арқылы журналдардың үндесімдік сәйкестігін бейнелеу;

2. Артикуляциялық модель – қазақ тілі дыбыстарының жасалым үлгілеріне сүйене отырып, олардың тілдің көлденең және тік қалпы, дауыс желбезегінің тербелісі мен ерін қызметі тұрғысынан жіктелуі. Модельдеудің

екі түріне де қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық белгілері теориялық және практикалық негіз ретінде алынған.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері. Жалпы және түркі тіл біліміндегі фонетика пәніне арналған оқулықтар мен оқу-әдістеме құралдарының теория-практикалық ұстанымдары басшылыққа алынды. Атап айтар болсақ, қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтауда, артикуляциялық жіктелім кестесін түзуде А.Байтұрсынұлы тұжырымдары, артикуляциялық атау/терминдер мен буын түрлеріне қатысты Х. Досмұхамбетұлы пікірлері, қазақ грамматикасы, фонетикасы, алфавит, орфография, терминология мәселелеріне байланысты Қ. Жұбанов зерттеулері, қазақ жазуының емлесіне байланысты Н. Сауранбаев еңбектері, жұрнақтардың тіл тарихымен байланыстығы туралы Ғ. Мұсабаев тұжырымдары, фонема және екпін теориясына байланысты І. Кеңесбаев еңбектері басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Зерттеу нәтижелері қазақ фонетикасының сингармология теориясын толықтырады. Қазақ тіліндегі дыбыс құрамын анықтап, үндесім/үйлесім белгілерінің жүйесін сипаттауға қосылған үлес болады.

Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы. Зерттеу нәтижесі қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдарын, әдістемесін көрнекі интерактив үлгілермен толықтыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының жаңалығы. Қазақ тілі қосымшаларының (жұрнақтарының) морфологиялық құрамы талданды. Жалғау мен жұрнаққа қатысты ғалымдар берген анықтамалар сараланып, жалғаулардың сөз түрлендіруші, ал жұрнақтардың сөз тудырушы қызметі пысықталды. Заттекті (зат есім), сынтекті (сын есім), әрекет текті (етістік) т.б. жұрнақтардың құрамы (состав) анықталып, жүйесі (системасы) сипатталды. Қосымшалар орфографиялық тұрғыдан талданып, олардың айтылым үлгісі қалыпқа келтірілді. Жұрнақтардың дыбыс құрамын анықтаудағы дәстүрлі жаңсақтықтар ескеріліп, қосымшалардың толық құрамы көрсетілді. Орфоэпиялық жұрнақтар қазақ тіліндегі ақиқат бірліктер болып табылады. Орфоэпиялық жұрнақтардың құрамы мен орфографиялық жұрнақтардың ара жігі ажыратылып, жалған (жасырын) жұрнақтар мен ақиқат жұрнақтар деген зерттелім ұғымдар енгізілді. Жұрнақтардың тізімдемесі (фонетикалық материал).

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- сингармология пәнінің жалпы лингвистикадағы орны және оның құрамды бөлігі ретінде қалыптасуы мен зерттелім құралы ретінде «фонологияны» алмастыруы заңдылық. Сингармологияның негізгі зерттеу нысаны – тілдің табиғи үндесім жүйесін модельдеу, оның мағыналық және құрылымдық заңдылықтарын жүйелеу. Осы ұстанымдарға сүйене отырып, сингармологиялық атаулардың өзара қатынасын интерактив модельдер арқылы визуалды түрде көрсету қазақ тіліндегі үндесім заңын ғылыми тұрғыда талдаудың және оны оқыту процесіне енгізудің жаңа инновациялық бағыты бола алады.

- Дыбыстардың артикуляциялық сипаттарын жүйелі анықтау арқылы олардың үндесімдік қызметі мен морфемалық деңгейдегі түрлену заңдылықтары нақтыланады. Осы бағыттағы зерттеу нәтижелері қазақ тілін қолданбалы құралдар мен оргтехника тіліне бейімлеу, яғни цифрлық және техникалық ортада қазақ тілінің табиғи үндесімдік жүйесін сақтап қолдану арқылы мемлекеттік тіл ретінде қызмет ету аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондықтан қазақ тілінің үндесім дыбыс құрамын ғылыми тұрғыдан сипаттап, артикуляциялық тұрғыдан дәл анықтау – тек теориялық емес, сонымен қатар қазақ тілінің функционалдық-инновациялық әлеуетін арттыратыны сөзсіз.

- Дыбыстардың артикуляциялық және акустикалық белгілерін талдау арқылы олардың үйлесімдік қызметі, буындық жүйедегі өзара ықпалы мен үндестік шегі айқындалады. қазақ тілінің артикуляциялық құрылымын зерттеу мен оны визуалды-интерактив форматта көрсету – тілдің дыбыстық жүйесін түсіндірудің тиімді және заманауи әдісі саналады. Осы бағыттағы зерттеулер қазақ тілінің үндесі-үйлесім жүйесін оқыту мен қолдану тәжірибесін жаңа сапалық деңгейге көтереді.

- Қазақ фонетикасының құрылымдық бірліктері өзара жұптасып (жуан/жіңішке, еріндік/езулік т.б.) келетіндіктен, тілдің табиғи сингармониялық икемділігі жұрнақтардың үндесім-үйлесім жүйесін модельдеуде ерекше рөл атқарады. Мұндай құрылымдық үйлесім қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану үдерісін едәуір жеңілдетіп, тілдік модельдерді цифрлық форматта өңдеуге, үндесімдік және үйлесімдік икемділігін арттырады, қазақ тілін цифрлық және қолданбалы кеңістікте тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

- морфемалық тізбектердің фонетикалық үндесімге бағынуы қазақ тілінің табиғи заңдылығы ретінде танылып, оның слайд түріндегі визуалды моделін жасау – сингармологиялық зерттеу әдіснамасын заманауи деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл модель қазақ морфемикасының үндесімдік құрылымын интерактив форматта түсіндірудің тиімді үлгісін қалыптастырады.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда 10 мақала ретінде жарияланды. Оның ішінде Скопус мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференциялар жинағында 4 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 5 мақала жарияланды:

1. S.Ayazbayeva, A.Junisbek, M.Taldibaeva Adapted transcription symbols for Turkic sounds // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 3. August, 2016. – P. 326-331.

2. Аязбаева С.А. Қазақ тілі қосымшаларының морфологиялық вариант жасау моделі // ҚазҰУ Хабаршысы. – Филология сериясы. – Алматы, 2015. – №3 (155). – 330-336 бб.

3. Аязбаева С.А. Қазақ тілі жұрнақтарының буын тұрқын моделдеу. ҚазҰУ Хабаршысы. – Филология сериясы. – Алматы, 2016. – № 2/2 (160). – 46-52 бб.

4. Аязбаева С.А. Қазақ тілі қосымшаларының интер-актив инновациялық моделдері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2017. – №2 (44). – 172-174 бб.

5. Аязбаева С.А. Модель формирования морфологических вариантов с помощью аффиксов казахского языка // Жарчысы Вестник. – Бішкек, 2016. – №1. – 111-115 бб.

6. Аязбаева С.А. Қазақ тілі біліміндегі қосымшаларды жіктеу мәселесі // «Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы» атты халықаралық әдістемелік конференция». – Алматы, 2015. – 3 (155). – 78-80 бб.

7. Аязбаева С.А. Проблемы просодологии и сегментологии // «Профессор Ә.Құрышжанұлы және түркі дүниесі Тіл. Тарих. Руханият» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция». – Алматы, 2015. – 292-297 бб.

8. Аязбаева С.А. Қазақ тілі жұрнақтарының буын тұрқы // «Қазақ тіл білімі лингвистикалық парадигмалар және лингводидактика» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция». – Алматы, 2016. – 68-76 бб.

9. Заттекті жұрнақ: үндесім-үйлесім модельдері // Аса көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы профессор Әмір Рақыш Сәтұлының туғанына 95 жыл толуына орай «Қазақ тілі коммуникативтік мәдени жүйеде: теориясы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2025. – 292-297 бб.

10. Сынтекті жұрнақ: үндесім-үйлесім модельдері // Филология ғылымдарының докторы, профессор Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының 75 жылдық мерейтойына арналған «Тіл және мәдениет контексіндегі құндылықтар жүйесі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 270-274 бб.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиет тізімі мен қосымшадан тұрады.

1 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖҰРНАҚ МОРФЕМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СИНГАРМОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАНЫМЫ

1.1 Қазақ фонетикасы мен морфонологиясының зерттелу кезеңдері

Қазақ фонетикасының зерттелу тарихы – қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуының маңызды құрамдас бөлігі. Оның өзіндік ерекшеліктері бар және бұл ерекшеліктер зерттеушілердің өмір сүрген дәуіріне, сол кезеңдегі ғылыми-теориялық бағыттар мен әдістемелік ұстанымдарға тікелей байланысты болды. Әрбір тарихи кезеңде фонетикалық зерттеулердің нысаны мен талдау әдістері заман талабына сай өзгеріп, жетілдіріліп отырды. Қазақ фонетикасы мен морфонологиясының зерттелу кезеңдерін төмендегідей жіктеуге болады:

XIX ғ. зерттелімдері. Алғашқы дәуір XIX ғасырдың орта тұсы мен екінші жартысын қамтыды. Қазақ жерін игерудің басты бір амалы ретінде қазақтың тілін зерттеу басталды. Ондағы мақсат қазақ тілінің қарапайым оқулықтарын жазып, сөздіктерін құрастыру болды. Ол кезде зерттеушілердің [16; 17; 18] қолында дайын тілдік жазба материал болған жоқ. Сондықтан да олар қазақ тілінің сөздерін ел аралап жүріп жинап, қалай естісе, солай жазып алып отырды. Соның нәтижесінде қазақ сөзінің таза ауызша айтылым үлгісін тап басып, қағазға түсіріп алып отырды. Олар құрастырған сөздіктерге қазақ сөзінің үндесім (сингармониялық) үлгісі сол таза ауызша айтылым күйінде (үнтаспаға жазғандай болып десе де болады) ендіріліп жатты. Қазақ тілі дыбыстарының сөз құрамындағы (сөйлеу үстіндегі) түрленім үлгілерін айна-қатесіз көрсетіп отырды. Әсіресе, ерін үндестігіне қатты көңіл бөлініп, көп буынды сөздердің соңғы буынына дейін таңбаланды. Бірінші дәуір зерттеушілерінен қалған жазба мұрағаттарды, қазіргі тілмен айтқанда, қазақ тілінің орфоэпиялық жазбасы деп қабылдауға болады.

Алғашқы дәуірге қатысты жетістіктер деп зерттеушілердің үндесім (сингармонизм) құбылысының сырын дұрыс түсініп, ол туралы теориялық пайымдаулар ұсынғанын, сондай-ақ қазақ тілінің дыбыс құрамын дәл анықтап, ерін үндестігін сөздің аяғына дейін жеткізіп бергендігін айтуға болады. Сонымен қатар кейбір сөздердің жазылымындағы үнді й, у дауыссыздарының дауыстылармен (әсіресе, қысаң дауыстылармен) тіркесін дұрыс анықтай алмаған сәттері болғанын да айта кету керек.

Алғашқы зерттеушілердің ғылыми зерттеу әдісі қазақтардың сөзін бетпе-бет тыңдап алып, дыбыс құрамын естілім түйсінімі арқылы анықтау болғандықтан, қазақ фонетикасының бастапқы зерттелім дәуірін естілім зерттелім (слуховая фонетика) дәуірі деп атаймыз. Өйткені естілім дәуірінің жазба мұрағаттары қалай естілсе, солай жазылған күйінде бізге жетіп отыр. Сол кездегі қазақтардың сөйлеу әрекетін көз алдымызға елестетіп, сол кездегі сөздің дыбыс құрамын құлағымызбен тыңдап отырғандаймыз. Оның басты құндылығы да осында.

XX ғ. басындағы зерттелімдер. Қазақ фонетикасының келесі зерттелім дәуірі жиырмасыншы ғасырдың басы болып табылады. Бұл кезде қазақ

фонетикасын зерттеуге ұлт өкілдері [3, б. 165] кірісті. Ұлт зерттеушілері үшін қазақ фонетикасы ана тілінің етене дыбыс жүйесі болып табылды. Сондықтан да олар ана тілінің дыбыс заңдылықтарын көкірек көзімен (интуиция) пайымдай білді (олай дейтін себебіміз, мысалы, А.Байтұрсынұлының арнайы теориялық дайындықтан өткені жайлы әзірге біздің қолымызда мәлімет жоқ). Соның нәтижесінде өзге ұлт зерттеушілерінің көзіне іліне қоймаған жаңа нәтижелер алынды. Екінші дәуірге тән жетістіктер деп, қазақ сөзінің жуан/жіңішке үндесім әуезінің нақты анықталғандығын, қазақ тілінің төл дыбыс құрамының тиянақталғандығын, морфем және буын түрлерінің сипаттамасын, үндесім жазудың қалыптасқандығын айтуға болады. Ал қазақ тіліне тән төл фонетикалық құбылыстардың бірі ерін үндестігінің ескерусіз қалып, емле ережесіне енбей қалғанына тек өкінішпен қарауға тура келеді. Екінші дәуір зерттеушілерінің зерттеу әдісі ана тілінің дыбыс жүйесін көкірек көзімен түйсіну болғандықтан, қазақ фонетикасының екінші зерттелім дәуірін төл зерттелім (интуитивная фонетика) дәуірі деп атаймыз. Өйткені өзге ұлт зерттеушілерінің түйсініміне іліне бермейтін, қазақ тілінің өзіне ғана тән фонетикалық құбылыстардың басы ашылып, қазақ жазуының өзіндік үлгісі қалыптастырылды. Шын мағынасындағы қазақы фонетика ғылымы бастау алды. Оның басты құндылығы осында.

XX ғ. екінші жартысындағы зерттелімдер. Қазақ фонетикасын зерттеудің үшінші дәуірі XX ғасырдың 50-70-жылдары болды. Бұл кезде қазақ тілтанымында академиялық тұрғыдағы толық фонетика қалыптасып болды. Өйткені еуропалық тіл (фонетика) теориясының жаппай тарап және зерттеушілердің батыс тілтанымынан (лингвистикасынан) мол хабардар болған сәті еді. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс жүйесінің зерттеу әдісі ретінде «еуропаөзімшіл» (европоцентризм) талданым амалы кеңінен қолданыла бастады. Зерттеушілер [19; 20; 21; 22; 23] қазақ тілінің дыбыс құрамын үнді-еуропа тілдерінің фонем жүйесіне салып, қазақ фонетикасына фонем ұғымын ендіріп, атауын орнықтырды. Оның үстіне сөз просодикасына қатысты сөздік екпін енгізілді. Ал қазақ тілінің іргелі заңдылығы болып табылатын үндесім құбылысы (үндестік заңы) қатардағы көп фонетикалық құбылыстардың бірі ретінде қарастырылып, «буын үндестігі» (гармония гласных) деген фонологиялық тұрғыдан жаңсақ, фонетикалық тұрғыдан дәйексіз атау пайда болды. Қазақ тілі дыбыстарын фонем мәртебесінде қарастырудың нәтижесінде қазақтың төл сөздерінің жазылымына орыс тілінің и, у, я, ю, щ таңбалары енгізіліп кетті. Мұның өзі қазақ тілінің морфем, буын және тасымал жүйесін бұзып кетті. «Орыс сөздері қалай айтылса, солай айтып, қалай жазылса, солай жазу керек» деген тоталитарлық (әкімшіл-әміршіл) емле ережелері алынды. Соның нәтижесінде қазақтың төл әліпби құрамына оннан аса кірме әріптер (дыбыстар) енгізіліп, қазақ әліпбиі екі тілдің: қазақ-орыс (тіптен, орыс-қазақ) әліпбиі болып шыға келді. Кірме әріптердің жазылымын реттейтін қырыққа жуық [24] жаңа ереже орынсыз қосылды. Үшінші дәуірге тән жетістік деп, әлеми тілтаным ұстанымдарымен таныс болып, қазақ фонетикасының құрылымын біршама қамтыған алғашқы «академиялық

фонетиканың» қалыптасқанын айтамыз. Ал қазақ тілінің дыбыс жүйесін түгелдей фонема мен сөздік екпінге теліп қарастырғанын, соның нәтижесінде қазақ тілінің морфем, буын және тасымал желісіне, ең бастысы, қазақ сөзінің айтылым әуезіне нұқсан келтіргенін, әрине, құптай қою қиын.

Үшінші дәуір зерттеушілерінің қолданған ғылыми әдісі фонемалық талдау болғандықтан, қазақ фонетикасының үшінші зерттелім дәуірін екпін-фонемалық зерттелім (акцентно-фонемная фонетика) дәуірі деп атаймыз. Өйткені негізгі зерттеу әдісі ретінде екпін мен фонемалық талдау алынды. XX ғ. соңғы ширегіндегі зерттелімдер Қазақ фонетикасын зерттеудің төртінші дәуірі XX ғасырдың 70-90-жылдары мен XXI ғ. басы болып отыр. Бұл кезде ғасыр басындағы қазақ зерделілерінің (интеллектуалдарының) жабық еңбектерінің беті ашылып, көпшілік оқырман қолына тиіп, олардан зерттеушілердің жаңа тобы [25; 26; 27] тәлім алды. Оның үстіне олардың екінші бір тобы [28; 29; 30; 31] Ресейдің белгілі ғылыми орталықтарына барып, кәсіби-тәлімгерлік тәжірибеден өтіп, жаңа зерттеу әдістерін меңгеріп келіп жатты. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыс құрамы мен оның жүйесіне деген жаңа көзқарас қалыптасты, жаңа фонетикалық нәтижелермен толықты. Қазақ фонетикасының әртүрлі бағыттары бойынша зерттеу жұмыстарына зерттеушілердің жас ұрпағы (үндесім фонетика саласына – Нәзбиев, Сәдуақас, Өтебаева, Талдыбаева, Асанова; үйлесім фонетика саласына – Бәйімбетова, Баймұқанов, Исаева, Қайдарова, Молдашева, Оразалин, Аймырзаев; тарихи фонетика саласына – Әлімбаев, Жұмабаева; салыстырма фонетика саласына – Андабаева, Ерубасова, Амалбекова; әуен саласына – А. Фазылжанова [32], А. Аманбаева [33], Т. Кеншінбай, Ж. Кеншінбай, Д. Қарағойшыева; жазылым мәселелері – Қ. Күдерінова; жазба мұрағаттар – О. Жұбаева, С. Ақымбек, С. Шнайдер; қолданба фонетика – Жексенғалиев, Х. Зәуірбекова, А. Көкенова, Ар.Жүнісбек, Үкібасова, Қаршығаева, Р. Кондыбаева [34] жалғастырды. Ең бастысы, қазақ тілінің іргелі заңдылығы, үндесім (сингармонизм) құбылысы, зерттеу амалының негізіне айналды. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі екпін мен фонемаға деген көзқарас өзгерді, үндесімнің жуан/жіңішке әуезі мен еріндік/езулік әуезі сингармологиялық мәртебесі тең бірліктер ретінде қарастырылды. Қазақ тілі дыбыстарының әліпби құрамының сыртында олардың үндесім және үйлесім құрамы анықталды. Жасалым (артикуляциялық) фонетикаға зерттелімнің негізі ретінде көңіл бөлініп жатыр. Қазақ тіліндегі кірме әріптердің дыбыс құрамының басы ашылып, айтылымы (орфоэпиясы) тиянақталды.

Фонетикалық зерттеулердің жаңа нәтижесі негізінде жазу реформасының жаңа жобасы ұсынылып отыр. Үшінші дәуірге тән жетістік деп фонетикалық мұраларды пысықтап, жетістіктерін жинақтап-жетілдіріп, жаңа зерттелім нәтижелерін қосып, қазақ тілінің өзіндік бірегей белгілерін бағамдайтын жаңа тұрпаттағы академиялық фонетика дайындалғанын және болашақта оны толықтыра түсетін жаңа зерттелім нәтижелерінің үздіксіз жалғасын айтуға болады. Төртінші дәуір зерттеушілерінің ұстанымы үндесім (сингармонизм) заңдылығы болды, сондықтан да бұл дәуірді үндесім

зерттелім (сингармоническая фонетика) дәуірі деп атауға болады. Алайда жылдар бойы қордаланып қалған, құлаққа сіңіп, көз үйреніп қалған кірме әріптер мен дыбыстардың ықпалынан арыла алмай, оларды жазу реформасының бөлінбес бір бөлігі ретінде, төл сөздердің жазылым ережесіне ұсынып жүрген фонетика және фонетика төңірегіндегі мамандар әлі бар екенін де естен шығармаған жөн.

Қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстардың зерттелуі нәтижелері бойынша фонетика саласындағы түсіндірілуі қиын бірқатар мәселелердің шешімі табылды. Морфонология саласындағы зерттеулер фонетика-фонологиялық заңдылықтарды дұрыс тани білуге де ықпал етті. Фонетика саласын қарастыру барысында әлі де кейбір алмасуларды нақтылап, оның қай саладағы өзгерістерге жататындығына ерекше мән беру керек. Бұрынғы оқулықтардағы деректерге зер сала қарап, морфонологиялық құбылыстар мен фонетика арасындағы өзгерістердің ара жігін зерделей түсу қажет. Ғылым дамуының соңғы жетістіктері қазақ тіл білімінің жан-жақты зерттеулермен толығы түсіп жаңа бағытта ізденістер жүргізуіне жол ашты. Фонетика мәселелерін қарастыру барысында морфонология саланың қазақ тіл білімінде зерттелуіне ерекше үлес қосқан, морфонология жөнінде артына құнды ғылыми мұра қалдырған ғалым А. Айғабылұлы зерттеулерін басшылыққа алып отырамыз. Морфонологияның зерттеу нысаны мен бірліктері, оның пайда болу жолдары т.б. жан-жақты зерттелуі фонетика мен морфонология саласының да алға басуына игі ықпал етті, себебі бұл саладағы кейбір түсіндірілуі қиын құбылыстардың сыры ашыла түсті. Морфонология саласы кейінгі кезде одан әрі жаңа ізденістермен толығы түссе де, осы саланың зерттелуінің бастауында тұрған ғалым А. Айғабылұлы еңбектерінің маңызы зор деп білеміз.

Сондықтан морфонологиялық құбылыстар мен фонетика арасындағы өзгерістерді қарастыру барысындағы күнделікті зерттеулерімізде аталған ғалым еңбектерін басшылыққа алып отырамыз.

Фонетика мен морфонология – өзіндік зерттеу нысаны бар тіл білімінің жеке-жеке саласы. Ал осы екеуінің аралығындағы құбылыстарды немесе заңдылықтарды тіл білімінің кейінгі кезде ғана зерттеле бастаған бір саласы морфонология қарастырады. Морфонология термині морфема /сөз тұлғасы/ мен фонологияға қатысты алынған, морфонология сөзінен кірігу (гаплогия) жолымен ықшамдалып жасалған. Оны алғаш тіл біліміне Н.С. Трубецкой енгізді [35]. Морфонологияның дүниеге келіп, зерттеле бастауына әсер еткен басты себептердің бірі фонетика мен морфонология аясында «шешімі қиын» мәселелердің саны артып, бірдей құбылыстарды бірде фонетика, енді бірде морфонология аясында қарастырылуы еді. Дегенмен, зерттеушілер фонетика мен морфонология қағидаларымен түсіндіруге көне бермейтін құбылыстарды байқап, оның басқа да сыры бар екендігіне назар аударған. Морфонология нысанына енетін құбылыстарды ең алғаш фонетиктер байқап, олар фонетика заңына сәйкес келе бермейтін грамматикалық өзгерістер болатынын аңғарып, оған жауап іздей бастады. Мұндай заңдылықтардың бар екендігі туралы алғашқы

болып ой тастаған Бодуэн де Куртэне болды [36]. Ал осы ілімнің негізін салған Н.С. Трубецкой болып табылады. Морфонология мәселелері туралы түркітануда Э.Р. Тенишев, М.З. Закиев, И.П. Павлов, А.А. Юлдашев, ал қазақ тілінде алғаш Н. Оралбаева, А. Қалыбаева, М. Жүсіпұлының т.б. еңбектерінде сөз болғаны аян. Тіліміздегі морфонология заңдылықтары А. Айғабылұлының еңбектерінде арнайы қарастылырып, жан-жақты зерттелді [37].

Тіл білімінде фонологиялық және морфонологиялық алмасулардың арасында қандай айырмашылық бар екендігін нақты көрсетудің маңызы зор. Фонологиялық алмасу негізінен қай тілде болмасын сөйлеуші ұлттың артикуляциялық мүмкіндігіне байланысты қалыптасады да, басқаша ауытқу болмайды. Морфонологиялық құбылыстар болса, артикуляцияның мүмкіндігіне бағынбайды. Сондықтан морфонологиялық құбылыстар бірыңғай қалыпта кездесе бермейді. Фонетикалық құбылыстар көрші дыбыстардың ілгерінді, кейінді ықпалы нәтижесіндегі өзгерістерге тәуелді болса, морфонологиялық құбылыстар – сөйлеу кезіндегі әртүрлі айтылу дағдысымен нормаға түскен, артикуляциялық жағынан бағынышты болмайтын өзгерістер.

А. Айғабылов фонетика мен морфонологиялық құбылыстарды бір-бірінен ажырата білу жөнінде төмендегідей мысалдарға назар аудартады. Тіліміз артикуляциялық базасының мүмкіндігінде жоқ *си, шс, нк, ақ, нг* дыбыстар тіркесімі айтуда **басшы /-башшы/, күшсіз /-күшсіз/, түнгі /түңгү/** өзгереді. Ал **ек-ін /егін/, түп-і /түбі/, ақ-ыс /ағыс/** деген сөздердегі *к, н, қ* дыбыстарын ұяң *г, б, з* дыбыстарымен айтамыз. Бұл өзгерістер қазіргі қазақ тілі фонетикасы оқулықтарында кейінгі ықпал заңымен түсіндіріледі. Ал **екі, апа, көпір, мықын** деген сөздердегі *к, н, қ* неге ұяң дыбыстармен айтылмайды?! Демек, А.Айғабыловтың көрсетуінше, бұл артикуляциялық мүмкіндікке қатысы жоқ өзгеріс дағдысына байланысты пайда болған нормалар ретінде морфонологиялық құбылыс деп қаралуы керек екен. Ғалым «Егер қазақ тіліндегі ілгерінді ықпал, кейінді ықпал жолымен түсіндірілетін өзгерістерді артикуляциялық мүмкіндікке қатысты өзгеріс пе, әлде сөйлеу кезінде әр түрлі айтылу дағдысымен нормаға айналып кеткен өзгеріс пе деген сұраққа жауап алсақ, фонетика мен морфонологияның еншісін де бөлу қиын болмайды», – дейді [37, б. 12].

Фонетистер тарапынан ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалға жатқызылып жүрген өзгерістердің бәрін фонетика заңымен түсіндіре беруге де болмайды. Себебі А.Айғабылұлы зерттеуі нәтижесінде фонетикалық құбылыс пен морфонологиялық құбылыстардың ара жігін ашып, түсінуге мүмкіндік болды. Мысалы, **тарақ /тарағым/, керек/керегім/, ала кел /алагел/** деген сөздердегі қатаң дыбыстар өзінен кейін не бұрын келген дауысты дыбыстар әсерінен ұяңдап алмасады деген пікір бар. Ал шындығында, дауысты дыбыс қатаң дыбыстардың барлығымен де тіркесе алады. Мысалы: **жақын, мықын, арқа, теке, ешкі**; Сондай-ақ, А.Айғабыловтың көрсетуі бойынша, фонетикалық дыбыс алмасуда белгілі бір жағдайда бір ғана өзгеріс болса, морфонологиялық дыбыс алмасуда белгілі бір

жағдайда түрлі өзгеріс болуы әбден мүмкін. Мысалы, фонетикалық құбылыс заңы бойынша көптік жалғауының бірі *-лар/* жалғанған сөзге келесі варианты */-лер,-дар,-дер,-тар,-тер/* жалғанбайды, ал морфонологиялық құбылыс кезінде бір тұлғаға жататын *-шік/тік, -шек/тек* жұрнақтары бір сөзге жарыса жалғана беруі мүмкін */бұр-шік, бұр/тік/*, т.б.

Морфемалар жігінде **п** дыбысының **у** дыбысымен алмасуы фонетика оқулықтарында бұрын регрессивтік ассимиляция деп түсіндіріліп келді. Енді бұл алмасу морфонологиялық құбылысқа байланысты екендігіне көз жеткіздік. Сонымен, А.Айғабылов **п** дыбысына біткен сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда **п** дыбысы барлық жағдайда ұяндап, **б** дыбысымен алмаса бермей, басқа да үш түрін көрсетеді:

1) **сап-сары, теп-тепеңде;**

2) **жап-жамыл;**

3) **жап-жауып.**

«Демек, бұлайша ауытқуға ие болып отырған **п-б** алмасуы фонетика еншісіне жата алмайды», – дейді [37, б. 27]. Міне, осындай толымды зерттеулер нәтижесінде морфонологияның нысаны, оның фонетика мен морфологиядан айырмашылығы анықталады.

Морфонологияның ерекшелігін жете тану бағытында М. Жүсіпұлы зерттеуіне де назар аударайық. Қазақ тілі аффикстері құрамында кездесетін морфонологиялық алмасуларды да тани білу қажет. Мысалы, дауысты дыбыспен бітетін түбірге бір жағдайда **н** сингармодыбыстарымен басталатын аффикстер жалғанады да, тағы бір жағдайда **д** сингармодыбыстарымен басталатын аффикстер жалғанады екен **/бала-ның, бала-дан, кеме-нің, кеме-ден** [38].

М. Жүсіпұлы қазақ тілінің вокализм жүйесінде бір-ақ түрлі морфонологиялық алмасу бар екенін анықтады. Ол алмасу [*ы, і*] дауыстылардың ноль дыбыспен алмасуы, яғни бұл дауыстылар сөздің формасы өзгергенде «түсіп қалады», яғни дыбысталмайды. Алмасулар: **ы/0, і/0** (ноль): *ойын – ойна, қырық-қырқыншы, ерік-еркім, көрік-көркім* [38, 174 б.].

Орыс тілінің дауысты дыбыстар жүйесінде морфонологиялық алмасулардың түрлері көп. Альтернация мүшелері ретінде дауысты мен ноль дыбыс та, дауысты мен дауыссыз дыбыс та алмасуда қатынасады екен:

Алмасулар: **о/0, е/0**: *сонь – сна, день – дня, пень – пня*; т.б. [39].

Альтернациялық алмасуға қатынасатын дауысты дыбыстардың саны екеу, үшеу болуы мүмкін, дауысты мен дауыссыз тіркесіп алмасуға қатынасуы мүмкін, т.б.

Алмасулар:

ы /у/о: *засыхать – засушить – засохнет*;

е/о *петь – пой*;

и/е *бить – бей*;

ев/у *ночевать – ночую*;

ов/у *совать – сую*; т.б. [39, 175 б.].

«Сонымен, егер орыс тілінде дауыстылардың морфонологиялық алмасуы әрі көп, әрі сан түрлі болса, қазақ тілінде морфонологиялық алмасуда тек дауысты [ы, і] және /ноль дыбыс/ қатынасады. Қазақ тілінде екі, үш дауыстыдан тұратын, дауысты мен дауыссыз біріккен морфонологиялық алмасулардың болуы мүмкін емес, ал орыс тілінде мұндай морфонологиялық алмасулар тілдің үлкен ерекшелігі, белгілі қасиеті болып саналады», – дейді М. Жүсіпұлы [38, б. 174-175].

Дегенмен, морфонологиялық құбылыстарды тап басып көрсетуге келгенде әлі де әртүрлі көзқарастар бар. Мысалы, қазақ тілінің дәстүрлі зерттеулерінде **ойын-ойна, мұрын-мұрны, ерін-ерні** деген сөздердегі **ы, і** қысаң дауыстылардың түсіп қалуын, яғни қысаң дауыстылардың ноль дыбыспен алмасуы «толық редукция» деп аталып, фонологиялық алмасуға жатқызылған [40]. Ал М. Жүсіпұлы мұндай алмасуларды морфонологиялық құбылысқа жатқызады. Оның көрсетуі бойынша, *мұрын-мұрным, дарын-дарыным* деген сөздердің бірінде қысаң дауысты ноль дыбыспен алмасатын болса, екінші дәл осындай жағдайда өзгеріс болмайды. Сондықтан бірдей жағдайда екі түрлі алмасу болуы фонологиялық құбылысқа жатпайды, оны морфонологиялық құбылыс деп дәлелдейді. Фонологиялық заңдылық бірдей жағдайда екі түрлі болуы мүмкін емес. Демек, фонологиялық алмасуларда заңдылық толық сақталып отырса, ал морфонологиялық құбылыстарда бір сөздерде алмасу болса, дәл осындай жағдайдағы келесі сөздерде алмасу кездеспейді. Мысалы, *мұрын-мұрным, сабын-сабыным*. Бұрын фонетика заңымен түсіндіріліп жүрген *парақ-парағым, жүрек-жүрегім, доп-добым, мектеп-мектебім* сияқты сөздердегі **к/ғ, к/г, п/б** алмасулары морфонологиялық алмасуға жатқызылуы тиіс екен

Алмасулар:

к/ғ: *парақ-парағым-парақтар;*

к/г: *терек-терегім-теректер;*

п/б: *доп-добым-доптар;*

п/т: *мектеп-мектебім-мектептер* [38, б. 181].

М.Жүсіпұлының көрсетуі бойынша, «Орыс тілінде дәл осындай көзге іліп аларлық морфонологиялық алмасулар кездеспейді. Ал **город** [т] – *города, рога* [к] – *рога* сияқты сөздердегі алмасулар морфонологиялық алмасулар емес, фонологиялық алмасулар екеніне ешқандай дау жоқ. Мұндай сөздерде финалды ұяң дауыссыз дыбыс қатаңдайды, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстар үшін сөздің финалдық позициясы – әлсіз позиция., себебі бұл позицияда орыс тілінің ұяң, қатаң дауыссыздары қарама-қарсылық оппозиция, корреляция жасай алмайды: ұяң да, қатаң да болып дыбысталады», – дейді [38, б. 182]. Бұл туралы Н. Оралбаева мен А. Қалыбаева еңбегінде: «Кері ықпал тұсында түбір соңы **к, қ, п** қатаң дауыссыздарға біткендерге дауыстыдан басталатын екінші морфеманың басқы дыбысы әсер етіп, *көг-і, шоғ-ы, табылды, тау-ып*, т.т. құбылулар да морфонологияның еншісіне тиеді», – деп көрсетілді [41].

Морфонологиялық құбылыстарды морфологиядан ажырату үшін төмендегі мысалдарға назар аударайық: *қызық-қызықты, тиіс-тиісті, мынадай-мынандай, барған едім-барған еді/м*; Осы мысалдардан сөзге басы артық дыбыс қосылса да сөз мағынасында өзгеріс болмағанын байқаймыз. Демек, А.Айғабыловтың айтуы бойынша, морфология заңымен түсіндіре алмайтын мұндай өзгерістер морфонологиялық құбылыстар деп түсіндірілуі керек. М.Жүсіпұлының пікіріне тоқталатын болсақ, фонологиялық алмасуда жеке сингармофонемалар емес, бір сингармофонеманың позициялық түрлері қатысады, яғни фонологиялық алмасу бір сингармофонеманың құрамына кіретін сингармодыбыстардың көлемін қамтиды [38, б. 173]. Фонологиялық алмасу тарихи алмасу емес, бүгінгі алмасу. Фонологиялық алмасу барлық сөздерде бірдей кездеседі. Мысалы: қазақ тілінде: тіл алды /ң/, еріндік /м/, /б/-лардың бас жағында тұрып, барлық қазақ сөздерінде регрессивтік ассимиляцияға ұшырайды: *нан ба /намба/* [38, б. 173]. Сонымен, фонологиялық және морфонологиялық алмасулардың төмендегідей ерекшеліктері бар екен:

Фонологиялық алмасу: позицияға тәуелді, позициямен анықталады, барлық сөздерде бірдей қызмет атқарады; Морфонологиялық алмасу: позицияға тәуелді емес, позициямен анықталмайды, барлық сөздерде бірдей қызмет атқармайды. М.Жүсіпұлы көрсетуіне қарағанда, қазіргі әдеби орыс тілінде фонологиялық және морфонологиялық алмасулар сөздің құрамында бір дыбыстар тіркесінде кездесуі мүмкін. Мысалы: *намазатъ - намажу - намажъ, резать - режу - режъ*. Бұл мысалдарда *з/ж* алмасуы морфонологиялық /бейпозициялық/, *ж/ш* алмасуы фонологиялық /позициялық/ болады [38, б. 173].

«Қазақ тілінде мұндай жағдайды кездестірмедік: егер сөздің құрамындағы бір дыбыстар тіркесінде морфонологиялық алмасу болса, онда фонологиялық алмасу болмайды, егер сөздің құрамындағы бір дыбыстар тіркесінде фонологиялық алмасу болса, онда морфонологиялық алмасу болмайды», - дейді М.Жүсіпұлы [38, б. 174]. Сонымен, мұндай алмасуларға байланысты қазақ тілінде универсалды заңдылық жоқ, ал орыс тілінде бар. Орыс тілінде алмасуға бір фонеманың позициялық түрлері қатынасады, қазақ тілінде жеке сингармофонемалар қатынасады. Сондықтан мұндай алмасулар морфонологиялық алмасулардың құрамына жатады. Яғни қазақ, орыс тілдері арасында сыртқы тұлғасымен ұқсас алмасулардың ішкі жан-дүниесі бір-біріне мүлдем ұқсамайды, сондықтан бұлардың статусы бірдей емес: қазақ тілінде – морфонологиялық алмасу, орыс тілінде – фонологиялық алмасу [39, б. 556]. Фонетика заңдылықтары бойынша көрші дыбыстардың бір-біріне әсер етіп алмасуын тіл дыбыстарының позициялық өзгерісі деп түсіндірілетіні белгілі. Ал кейінгі кезде фонетикалық дыбыс алмасуы деп түсіндіріліп келген кейбір алмасулар табиғаты өзгеше екендігіне назар аударылып, олардың морфонология заңдылықтарына бағындырылатындығы дәлелденді.

Морфонологияның жеке сала ретінде бірліктері болуы керек болса, А. Айғабылұлы морфонологияның жеке еншісіндегі ұғымдарды да атап

көрсетеді. Бұрын фонетика саласында әңгіме болатын игерусіз өзгерістер, сөз құрылымының ықшамдалуы мен морфонологияда айтылып жүрген сөз құрылымының ұлғаюы – таза морфонология бірлігі, элизия, апокопа, гаплогия, прокопа, метатеза, синкопа, қыстырма дыбыс, селбеспелі дыбыс, субморф дегендер морфонология ұғымдарын аңғартатын төл терминдер дейді [37, б. 147]. Морфонология тіліміздегі сөздердің түсіріліп айтылу мүмкіндігі бар мағынасыз бөлшектерін қарастырып, түсіріліп айтуға мүмкіндігі бар дыбыстардың сөз құрылымын ұлғайтуға себепкер болатынына назар аудартады. Мағынасыз бөлшектер сөз басында келуіне қарай қатар дыбыс (протеза), тұлға жігінде келуіне қарай қыстырма дыбыс, сөз соңында келуіне қарай селбеспелі дыбыс, мағыналы бөлшектерге (жұрнақ, жалғау) ұқсас келуіне қарай тұлғасын (субморф) болып төртке бөлінеді [37, б. 158]. Тұлға жігіндегі дауысты дыбыстар арасына осы дауысты дыбыстарды сақтауды ғана мақсат ететін мағынасыз қыстырма дыбыстар қойылады. Мысалы, *зырылда+ық-зырылда/ы/қ* – *зырылда +/у/+ық* [37, б. 159]. Ал ықшамдалған сөздер сөз басында, сөз ортасында, сөз соңындағы ықшамдалу деп үш топқа бөліп қарастырылған. Мысалы, *бақыр – ақыр, торы ала – торала, орын + ы – орны, қайын іні – қайыныны – қайын, аға-іні – аға-й-ыны – ағайын*, т.б. [37, б. 173].

Морфонологиялық дыбыс алмасу, сөз құрылымының ұлғаюы, сөз құрылымының ықшамдалуы жөніндегі зерттеу деректері фонетика мен морфология саласына қатысты бұрынғы қалыптасқан көзқарастар мен танымдарды қайта қарап, морфонологияны тіл білімінің бір саласы ретінде жете тануымызға жол ашты. Қорыта айтқанда, қазіргі зерттеулерде морфонология мәселелері туралы А.Айғабылұлы зерттеулеріндегі тұжырымдардың ғылыми маңыздылығы артып, осы саладағы ізденістерге тірек болатын ұстаным, негізгі бағдар болып отыр.

1.2 Түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың тіркесімі

Қазақ тілінің көптеген заңдылықтарын ашып, сипаттамасын берген А.Байтұрсынұлы болып табылады. Ғалым қосымшалардың талданымы жайлы: «Құлақ» деген сөзге «тың» деген жалғау қоссақ, «құлақтың» болады. Тұлғасы өзгерді, мағанасы өзгерген жоқ. «Құлақтың» бастың мүшесінің атын көрсететеді. Егер де «құлақ» деген сөзге «шын» деген жалғау қоссақ, «құлақшын» болады. Мұнда тұлғасы да, мағанасы да өзгереді. «Құлақ» бастың мүшесін көрсетуші еді, «құлақшын» болған соң басқа киетін киімнің атын көрсетіп тұр. Міні сондықтан «тың» тысқарғы, «шын» ішкергі жалғау болады.

Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы сөйлегенде, жазғанда сөздерді біріне-бірін қиындастырып тізу үшін қажет, ішкергісі бір мағаналы сөзден екінші мағаналы сөз шығарып, сөзден сөз туғызып, көбейтіп, тілді байыту үшін қажет» [3, б. 15] деп, осы күнге дейін ғылыми маңызын жоймаған, толық анықтама берген еді.

Қазақ тіліндегі қосымшалардың тілдегі көрінісі мен қызметі грамматикалық форма арқылы көрінеді. Қосымшалардың тілдегі көрінісін

проф. С.Исаев былай түсіндереді: «Грамматикалық форма... сөздің сөйлеу процесінде түрлену жүйесінің тұлғалық көрінісі болып..., белгілі мәндегі грамматикалық мағынаны білдірудің тәсілі болып табылады... Мысалы, тәуелдік мағына (оңаша түрі) 1-жақта -ым, -ім, -м, 2-жақта -ың, -ің, -ң... тұлғалары арқылы беріледі. Міне, осындай мәндегі тұлға грамматикалық форма деп аталады» [13, б. 20]. Бұл жердегі қосымшаның мысалы тәуелдік жалғау болғандықтан, ғалым пікірі біздің жұмысымызға тікелей қатысты екенін ескеріп отырмыз. Одан әрі: «...грамматикалық мағынаның белгілі бір түрі... грамматикалық формалар арқылы беріледі. Сөйтіп, грамматикалық форма белгілі топтағы сөздердің қосымшалар, грамматикалық тұлғалар (жалғау, жұрнақ) арқылы белгілі жүйелі парадигма бойынша түрленуі болып табылады...» [13, б. 21] қосымшалардың түрленуіне тоқталады, басқаша айтқанда, қосымшалардың түрлену ретінде белгілі бір жүйе бар екендігін көрсетеді. Ғалым жалғау мен жұрнақты қатар атайды. Алайда, біз жұрнақ жағына баса назар аударамыз. Өйткені жалғау проблемасы біздің зерттеуіміздің нысаны емес.

Сонымен қазақ тіліндегі қосымшалар (жұрнақ) жайлы қалыптасқан пікір жайлы мынаны айтуға болады. Жұрнақ морфемалар – өз алдына жеке тұрып ешбір мағына бере алмайтын, тек түбір морфемаларға қосылып, оған әр түрлі қосымша мағыналар үстейтін морфемалар. Демек жұрнақ морфемаларда не мағыналық, не тұлғалық, не қолдануда дербестік болмайды, оның мән-мағынасы, қызметі түбір морфеманың ыңғайында ғана ашылып, анықталады. Ол тек түбірге жалғанып қолданылатындықтан, түбір морфеманың дыбыстық ерекшелігіне лайық әуеніне еріп, өзгеріп, нұсқаланып, түрленіп отырады. Сондықтан да бір жұрнақ морфеманың бірнеше дыбыстық нұсқасы болады. Мысалы, сын есім тудыратын қосымшаның – 6 нұсқасы (-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті) бар, ал сөйлеу тілінде ерін үндестігіне қатысты нұсқалары одан да көп, алайда нұсқалар арасында не мағыналық, не қызметтік, не стийдік айырма жоқ.

Негізгі қағида ретінде бізде осы пікірді ұстанып отырамыз. Қосымша морфемалар – өз алдына жеке тұрып ешбір мағына бере алмайтын, тек түбір морфемаларға қосылып, оған әр түрлі қосымша мағыналар үстейтін морфемалар. Демек қосымша морфемаларда не мағыналық, не тұлғалық, не қолдануда дербестік болмайды, оның мән-мағынасы, қызметі түбір морфеманың ыңғайында ғана ашылып, анықталады. Ол тек түбірге жалғанып қолданылатындықтан, түбір морфеманың дыбыстық ерекшелігіне лайық әуеніне еріп, өзгеріп, нұсқаланып, түрленіп отырады. Сондықтан да бір қосымша морфеманың бірнеше дыбыстық нұсқасы болады. Мысалы, жоғарыда айтылғандай, сын есім тудыратын қосымшаның – 6 нұсқасы (-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті) бар, ал ерін үндесімімен олар екі есе көбейеді (лұ, лү, дұ, дү, тұ, тү) алайда нұсқалар арасында не мағыналық, не қызметтік, не стийдік айырма жоқ.

Түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың тіркесімінде заңдылық бар, мысалы, шарттылықты білдіретін –са, –се, шақтықты білдіретін –ған, –ген, –қан, –кен, –ды, –ді, –ты, –ті қосымша морфемалар тек етістікпен тіркеседі...

Қазақ тілінде грамматикалық формаларға форма тудырушы жұрнақтар (сын есімнің шырай тұлғалары, етіс, күшейтпелі етістік, тұйық етістік, рай, шақ, есімше, көсемше тұлғалары) жатады.

Қазақ фонетика-морфологиялық тілтанымында орнығып қалған пікір бар: қазақ тілінде дауыссыз морфемалар бар деп саналады. Мысалы, «Ал құрамы жағынан, ең алдымен, бір дыбыстан тұратын, мысалы, ...-й, -п, -у, -с, -ш, -т, -к, -қ, -м, -ң, -н т.б. қосымшалар: ...сөйле-й, қара-п, сал-у, күре-с, ойла-т, сана-қ, бала-м, баласы-н, іні-ң т.б. бар екенін айтуға болады» [13, б. 105] деп жазады проф. С. Исаев. Әрине дауысты морфемаларға қатысты қарсылық жоқ, бірақ ғалым «...белгілі бір елге, жерге, ру-тайпаға, халыққа т.б. нақтылы қатыстылықты білдіретін –ы, –і және кірме –и қосымшалары моносемиялы болып табылады: қазақ-ы (мал)... әдеб-и (тіл)...» [13, б. 101] деп өз ойын жалғастырады. Осындағы «и» таңбасына қатысты күман келтіруге тура келеді. Өйткені кірме таңбалардың дыбыс мәні жайлы да ортақ пікір жоқ. Осы бір күманды жайға проф. С. Исаевтың өзі ақиқат жауабын береді: «Оқулықтарда дауысты дыбыс делініп жүрген и, у дыбыстары қосар дыбыс немесе дифтонг екені белгілі: у-ұу немесе у-уу, немесе и-ый немесе и-ій, бұлардың соңғы дыбысы кәдімгі дауыссыз (үнді) у немесе й болып табылады, сондықтан да қосымша бұндай дыбысқа біткен сөздерге дауысты дыбысқа біткен сөздерге сияқты емес, ауыз жолды сонор дыбыстарға (р, л, у, й) біткен сөздерге қосылатын тәрізді жалғанады...» [13, б. 123-124]. Ендеше кірме таңбалардың дыбыс мәнін автор нақты және дәл дәлелдеп беріп отыр.

Дауыссыз морфема бар деген ұстанымға «солардың қатарына есімше қосымшаларын (...сондай-ақ –ақ, –ар, –ер, –р, –с), көсемше қосымшаларын (-а, -е, -й және –ып, –іп, –н) т.б. жатқызуға болады» деген сықылды нақты мысалдар жеткілікті. Дауыссыз морфеманың бұдан басқа да мысалдары жеткілікті.

Осы пікірдің зерттеушілер мен оқулық авторларының бәріне тән екенін атай отырып, бұған қарсы пікір бар екенін де ескеріп отырмыз.

Профессор Ә. Жүнісбек қазақ (тіпті түркі) тілінде дауыссыз қосымшаның болуы мүмкін емес. Өйткені үндесім (сингармониялық) тілдерде ең кіші мағыналық бөлшек буын болып табылады. Үндесім әуезі тек буын деңгейіне ғана тән. Ал жеке дауыссыз буын емес, ендеше дауыссыз дыбыс жеке тұрып белгілі бір үндесім әуезінің көрсеткіші бола алмайды [39, б. 98].

Сингорманизм (үндесім) заңы қазақ тіл білімінде ертеден айтылып келе жатқан мәселелердің бірі. Сингармонизм заңына тіл білімінде В.В. Радлов, В.А. Богородицкий, И.П. Ильминский, П.М. Мелиоранский [42], Н.А. Баскаков [43], Қ. Жұбанов, Х. Досмұхамедов [44], І. Кеңесбаев, А. Байтұрсынұлы [45] т.б. ғалымдар өз еңбектерінде жан-жақты тоқталып, теория-практикалық ұсыныстар жасап отырған.

Қазақ фонетика тарихында сингармонизм заңын көптеген зерттеушілер атап өткен. Мысалы, проф. Қ. Жұбанов «Сөз мүшелерін матастырып ұстайтын

арқанның ең күштісі – түбір мүше мен қосымша мүшелердің үндесуі. Бұл заңды сингармонизм дейміз» [5, б. 209] деген анықтама береді. Ғалым ұсынған анықтама кейінгі зерттелімдерге түгел үлгі болған.

«Сингорманизм заңын, яғни дыбыс үндестігі түркі тілдес халықтардың тіліндегі тамаша қасиет екендігін ғылыми байыппен дәлелдеп, басқа жұртпен көп араласқан Стамбул түріктері, ноғай, өзбектер бұл айрықша қасиетін жоғалтып алғандығын айтады» [44, б. 28] деген Х. Досмұхамедұлының сингорманизм заңына аса үлкен мән беріп, оны «тамаша қасиет» деп жоғары бағалай келе, сингорманизм заңы тек түріктікті сақтаған тілдерде ғана өзгермегендігіне айрықша мән беріп, атап өткен.

Ғалым «Сингорманизм деген сөз, қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағынада... Түрік тілі жалғамалы тіл. Жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейді. Сөз аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді. Қазақ-қырғыз тілі түрік тілінің бір тарауы. Сондықтан қазақ-қырғыз сөздері де түбін өзгертпей қосылған жалғауменен өзгереді» [44, б. 69], – дей келе, қазақ тіліндегі қосымшалардың дыбыстық үндестіктеріне баса мән береді немесе «Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл. Біздің қазақ тілі түркі тілдің бір тарауы болғандықтан жалғамалы тіл. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей аяғына жалғау қосылып өзгеріледі» [45, б. 32] деген А. Байтұрсынұлының да, Х. Досмұхамедұлының да ғылыми пікірі бір жерден шығып отырғандығы, тіліміздегі сөздердің де, жалғауларымыздың да сингармонизм заңына бағынатындығын айқындап береді [46; 47; 48; 49].

Сонымен жалғау-жұрнақтар арқылы өзгеріске түскен сөздеріміздің де сингорманизм заңына бағынатындығын көптеген ғылыми-зерттеулердің нәтижесінде көз жеткізудеміз. Ал, оған қосылатын қосымшалар туралы ғалым оларды: 1) жалғау; 2) жұрнақ; 3) жіктеу деп бөле келіп, сөздің түбірі жуан айтылса, жалғанған жалғау да жуан айтылатындығын, жіңішке айтылса, жалғанған жалғаудың да жіңішке болатындығын және тәуелдіктерде, жіктеу, көсемше, есімше етістіктерде, демеулерде, туынды сөздерде де сингармонизм заңы сақталып айтылатындығына назар аударады [50; 51].

Сингармонизмнің қазақ тілінің морфологиялық құрылысымен байланыстылығы, қосымшалар белгілі тәртіппен түбір сөзге жалғанатындығы, сингорманизмнің түркі тілдеріне ортақ мәселесі, әрі зерттеу нысаны екенін еңбектерде салыстыра отырып байқадық. Қосымшалардың түбір сөзге агглютинация процесі – дыбыстардың гармониясы болған – белгілі фонетикалық құбылыс арқылы жалғанады. Түбір буынның жуан не жіңішкелігіне қарай қосымша дыбыстары да жуан не жіңішкелініп айтылып тұрады... Бұл орайда біз, сингармонизмнің – түбір мен қосымша арасындағы дәнекер екендігіне көз жеткіздік [52; 53; 54; 55; 56; 57; 58].

С. Мырзабеков «Морфемалардың аралығында қатар келген дыбыстар (буындар) бір-біріне әсте немқұрайды қарай алмайды, олар акустика-артикуляциялық жақтан үнемі бір-біріне жуықтап, өзара үйлесіп, тіл табысып тұрады. Қазақ тілінде көбіне алдыңғы дыбыс (буын) өзінен кейінгі дыбысқа (буынға) ықпал етіп игереді. Мұны тіліміздегі қосымшалардың көп вариантты

болып келуінен көруге болады. Мәселен, бір ғана көптік жалғауы тоғыз вариантта ұшырайды. Оның алтауы *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер* орфографиялық норма болып есептеледі де, қалған үшеуі айтуда ғана кездеседі. Олар: *-лөр (үй-лөр, түр-лөр), -дөр (күн-дөр, түн-дөр), -төр (шөп-төр, көш-төр)*. Бір жалғаудың бұлайша көп вариантты болып келуі сөздің соңғы буынына және дыбысына байланысты болады да, тіліміздің тарихи дамуының нәтижесі түрінде танылады» [59; 60; 61; 62] – дейді. Жалғаулардың сөздерді, сөйлемдерді байланыстыратын қызметі барысында, бір-біріне жапсырыла жалғануында да сингармонизм заңын басты белгі етіп, соған бағына жалғанады [63; 64, 65; 66].

Қазақ тіліндегі дыбыстар өз ара артикуляциялық үйлесімін тапқанда ғана бір бірімен тіркесіп, бір буынға (сөзге) біріге алады. Ол үшін бір буынның (сөздің) құрамындағы дыбыстардың үйлесім белгілері бірдей болу керек. Сонда ғана қазақ тіліндегі буын (сөз) біркелкі үйлесім әуезбен айтылады, сөйтіп қазақ сөзі қазақы жатық естіледі. Өйткені қазақ сөзінің үйлесім құрылымы мен үйлесім естілімінің арасында тікелей байланыс бар. Басқаша айтқанда, сөздің үйлесім жасалымынан (артикуляциясынан) үйлесім естілім (перцепция) туындап, сөз табиғи (акцентсіз) қабылданады [67; 68].

Ос тұста түбірлер мен қосымшалар арасындағы сабақтастықта қысқаша тоқталып өтсек: тарихтың ұзына бойында кейбір түбірлердің шылауларға, жұрнақтарға, жалғауларға айналып қалыптасқандығы тіл біліміне бұрыннан белгілі. Бұл процестің қандай сипатта, қалай өтетіндігін қазақ тіліндегі **соң** лексемасы әдемі бейнелей алады. «Арты, ақыры, аяғы» деген мағынада «соң» – дербес сөз (мысалы, соңымнан ерген жалғызым; соң болса да, оң болады, кітаптың соңы және т.б.) «Бір нәрседен кейін» деген мағынада – шылау (барған соң, айтқан соң, бір күннен соң). Аталған тілдік элементтер ауызекі сөйлеу тілінде фонетикалық өзгерістерге ұшырап, жұрнақ тәріздес қолданылады (барғасын, айтқасын, көргесін). Келтірілген мысал бір жағынан, сөз түбірінің қосымшаға (сөзден шылауға, шылаудан жұрнаққа) қалай ауысатындығын айқын танытса, екінші жағынан, лексикалық мағынаның абстракцияланып, грамматикалық мағынаға ұласа алатындығын аңғартады. Алайда осылайша мен мұндалап тұратын, оңай саралауға түсетін тіл бөлшектері аз ұшырайды. Түбірлердің мыңдаған жылдар бойы қосымшаларға айналу процесін ашып-айқындау арнайы әрі ыждағатты зерттеуді талап етеді. Тілімізде шылау, жұрнақ, жалғау болып кеткен, грамматикаланған қанша сөз бар. Олардың әрқайсының өзгеру, қалыптасу жолдары қандай? Бұл сұраққа толық жауап беру үшін лингвистердің әлі де ұзақ уақыт бойына шұғылдануына тура келеді.

Тілдегі үнемдеу заңы да фонетика үшін маңызды құбылыс екені белгілі. Сөйлеуші қашанда тілдік элементтердің айтуға жеңіл болуын, сөйлеу органдарына күш түсірілмеуін көздейді. Түркі тілдеріндегі үндесу заңын осының бір мысалы деп білеміз. Бұл жайында «Жалпы тіл білімі» коллективті еңбегінің авторлары былай деп жазады: «Биологическая наука давно установила, что чисто биологические возможности человеческого организма

далеко не безграничны. Они имеют определенные физиологические ограничения... Он старается определенным образом реагировать на все те явления, возникающие в языковом механизме, которые недостаточно соответствует определенным физиологическим особенностям организма. Таким образом, возникает постоянно действующая тенденция приспособления практически выражающаяся в тенденциях более частотного характера». Демек, сингармонизмнің осы талапқа негізделгені айқын. Бұл айтылғанның үнемдеу заңына да қатысы бар. Тілдік өзгерістердің түрлері көп, Бұған лингвистер ХІХ ғасырда-ақ назар аудара бастаған. Осы кезеңде философия ғылымында етек алған доктрина бойынша, “тарихқа дейінгі дәуірде тіл қалыптасады, дамып, жетіледі; тарих басталғаннан кейінгі кезеңде, тіл дамуды тоқтатады, кері кетіп, заман өткен сайын бардан айырылып кедейленеді” [69]. Бұл концепцияны неміс лингвистері Ф. Шлегель, А. Шлегель, В. Гумбольдт, А. Шлейхер одан әрі дамытты. Осы сияқты ағымдар тіл білімінің жетілуіне белгілі бір дәрежеде ықпал жасады. Қазіргі таңда тілдік өзгерістерді айқындайтын факторлар анықталды: “Язык проявляет двоякую зависимость своей эволюции – от среды, в которой он существует, с одной стороны, и его внутреннего механизма и устройства, с другой” [68].

Фонетикалық талдау:

- жұрнақ құрамындағы дыбыстың дербес жасалымы (артикуляциясы), дыбыстың дербес жасалымына қатысты сөйлеу мүшелері мен олардың қалпын анықтайды;

- жұрнақ құрамындағы дыбыстың дербес айтылымы (акустикасы), дыбыстың айтылымына қатысты ауыз қуысы мен көмей қуысының өзара жүйесін (резонаторлар немесе жаңғыртқылардың қалпын) анықтайды;

- жұрнақ құрамындағы дыбыстың дербес естілімі (перцепциясы), дыбыстың дербес естілім түйсінімін анықтайды [38, б. 45; 52, б. 15; 53, б. 77].

Үндесім (сингармонизм) талдау:

- бүтін бірлік (сегмент) ретіндегі жұрнақтың үндесім жасалымын анықтайды;

- бүтін бірлік (сегмент) ретіндегі жұрнақтың үндесім айтылымын анықтайды;

- бүтін бірлік (сегмент) ретіндегі жұрнақтың үндесім естілімін анықтайды [5, б. 21; 24, б. 19; 25, б. 35].

Үйлесім (ассимилятив) талдау:

- бүтін бірлік (сегмент) ретіндегі жұрнақтың үйлесім жасалымын анықтайды;

- бүтін бірлік (сегмент) ретіндегі жұрнақтың үйлесім айтылымын анықтайды;

- бүтін бірлік (сегмент) ретіндегі жұрнақ үйлесім естілімін анықтайды [38, б. 41].

Үйлесім талдаудың ғылыми аппараты (ұғымдар мен атаулар) жайлы Қазақ тілі дыбыстарының үйлесім түрленіміне тілдің көлденең қалпы ілгерінді (егер тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатса), кейінді (егер тіл ауыз

қуысында кейін шегініп жатса), жоғарылы (егер тіл ауыз қуысында жоғары жатса), төменді (егер тіл ауыз қуысында төмен жатса) болып қатысады. Қазақ тілі дыбыстарының жасалымына ерін қатысы екі түрлі болады. Егер дыбыстардың үндесім (сингармонизм) түрленімін ескеретін болсақ, онда езулік [а, ә, ы, і, е] және еріндік [ұ, ү, о, ө] деп екіге жіктей саламыз, ал егер дыбыстардың үйлесім (ассимилятив) түрленімін ескеретін болсақ, онда езуліктік өзін ашық езулік [а, ә], қысаң езулік [ы, 160 і] және емеурін езулік [е] деп үшке, еріндіктің өзін доғал еріндік [ұ, ү] және сүйір еріндік [о, ө] деп екіге жіктейміз. Сонда қазақ тілі дыбыстарының үйлесім жасалымына ерін қатысының өзі бес түрлі болады. Мұның өзі қазақ тілі дыбыстарының жасалымында ерін қатысының маңызы үлкен екенін көрсетеді. Сонда қазақ тілі дыбыстарының үйлесім түрленімінің ғылыми аппараты (атаулары) тіл қатысына қарай ілгерінді/кейінді, жоғарылы/төменді, ерін қатысына қарай ашық езулік, қысаң езулік, емеурін езулік, доғал еріндік, сүйір еріндік болып құралады.

Қазақ тілі дыбыстарының үйлесім сипаттамасы мен олардың жасалым (артикуляциялық) сипаттамасының арасында өзіндік ұғым/атау ерекшеліктері бар. Мысалы, жасалым тұрғысынан тіл арты болса, үйлесім тұрғысынан кейінді деп аталады. Үйлесім талдау үстінде дыбыстың нақты жасалу орны, жасалу тәсілі мен дауыс желбезегінің (дауыс) қатысы ескерілмейді. Аталған атаулар сөйлеу үстіндегі қазақ тілі дыбыстарының бәріне (дауысты/дауыссыздар) бірдей ортақ қатысты: егер дауысты ілгерінді болса, онда құрақ (сегмент) құрамындағы дауыссыз да ілгерінді; егер дауысты еріндік болса, онда құрақ құрамындағы дауыссыз да еріндік.

1.3 Қазақ тіліндегі үндесім құбылысы

Қазақ тілінің іргелі заңдылықтарының бірі – үндесім құбылысы (үндестік немесе сингармонизм заңы). Буын немесе сөз құрамындағы кез-келген дыбыс үндестік заңына лайық түрленіп отырады. Сингармониялық варианттар мен параллельдер туралы айтар болсақ, тұңғыс-манчжур, моңғол, түркі тілдері (кең көлемде алғанда Орал-Алтай тілдері), ғалымдардың пікірінше, жалғамалылыққа (агглютинацияға) көшпестен бұрын полисинтетикалық немесе аморфты күйді бастан өткерген. Ата тілдің қалыптасқан құрылымы бізге беймәлім себептерден бұзылып, қайта қалыптасқаннан кейін сөздің мағыналық тұтастығын сақтау үшін сингармонизм заңы өмірге келген.

Сингармонизм алтай тілдерінің ішінде түркі тілдерінде жақсы сақталғаны белгілі. Сөздердің фонетикалық, фономорфологиялық құрылысы әр тілде әр түрлі болады. Түркі тілдерінің өздеріне ғана тән сипат – дауыстылардың үндесуі. Белгілі ғалым Ж.Қ. Тұймебаевтың пікірі бойынша, сингармонизм іргелі құрылымдық-типологиялық құбылыс ретінде түркі тілдеріндегі әр сөздің шекарасын ашып тұрады, сонымен бірге сөз жасаушылық қызмет атқарады [57]. Сингармонизм құбылысында әсіресе,

дауыстылардың орны ерекше. Өйткені, ол дауыссыздармен бірігіп буын құрайды, буындардың жалпы сипатын анықтайды.

Тіл білімінің соңғы жетістіктерінің нәтижесінде сингармонизмді қазір дауыстылардың ған үндесуі деп қарамайды, сөз құрамындағы дауыстылардың да, дауыссыздардың да бір фонетикалық комплекске бірігуі деп түсінеді. Басқаша айтқанда, сингармонизм дегеніміз – буын құрамындағы дауысты мен дауыссыз бірдей қатысты болатын тембр бірлігі.

Сингармонизмнің қазіргі түркі тілдерінде екі түрлі көрініс бар: жуан дауыстылар мен жуан дауыстылар, жіңішке дауыстылар мен жіңішке дауыстылар деп аталады. Сонымен қатар, түбірдің бірінші буынындағы ерін дауыстыларының келесі буындардағы езу дауыстыларын меңгеріп, өздеріне ұқсататын кездері де болады. Бұл лабиалдық гармония делініп жүр.

Белгілі тіл мамандарының бірі Д. Г. Киекбаев түркі тілдерінде кездесетін дауыстыларға негізделген вариантас сөздерді сингармониялық параллельдер деп атауды жөн көреді. Ол бұл терминді венгр тілінің зерттеушісі И. Балашшаның венгр тіліндегі вариантас сөздерді талдау барысында 1951 жылы алғаш рет қолданғанын ескертеді. Ал М.А. Черкасский мағынасы тепе-тең сөздерді “сингармониялық варианттар” деп атауды ұсынады [69]. М. Моллова аталған терминнің мазмұнына сай емес екендігіне мынадай дерек келтіреді. “Спонтанды ауысулар – яғни бір фонеманың екінші фонемаға сәйкес келуі – фонетикалық құбылыс. Ал дауыстылардың ешқандай фонологиялық мән жүктемей алмасулары – тарихи құбылыс. Осы себепті аталға термин сәтсіз, мәселені толық қамти алмайды” [70] «Тіл-тілде сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстарды ұйыстырып, бас-аяғы бүтін бір сөз етіп тұратын лингвистикалық құбылыс болады... Түркі тіліне тән мұндай құбылыс – үндесім (сингармонизм) құбылысы немесе үндесім заңы (сингармонизм заңы)» [71] деп аталады, басқаша айтқанда буын не сөз құрамындағы дыбыстардың (дауыстылардың да, дауыссыздардың да бір әуезбен айтылуын үндесім құбылысы дейміз [71, б. 52]. Егер: дыбыс жуан әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та жуан әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *жуан әуезді түрленім* дейміз; дыбыс жіңішке әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та жіңішке әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *жіңішке әуезді түрленім* дейміз; дыбыс ерін әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та ерін әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *ерін әуезді түрленім* дейміз; дыбыс езу әуезбен айтылса, онда сол буын құрамындағы көрші дыбыс та езу әуезбен айтылады. Дыбыстың бұл түрленімін *езу әуезді түрленім* дейміз.

Олай болса, дыбыс үндесім әуезіне байланысты түрленеді екен. Дыбыстың бұл түрленімін жинақтай келіп *үндесім түрленім* дейміз. Үндесім түрленім тек буын деңгейінде көрінеді.

Дыбыс артикуляциялық белгісіне байланысты түрленеді екен. Дыбыстың бұл түрленімін *үйлесім түрленім* дейміз. Үйлесім түрленім морфемалар жігінде ғана кездеседі.

Дыбыс өзімен іргелес дыбыстың әсерінен түрленуі мүмкін. Іргелес дыбыстың іргелес дыбысқа әсері тілдің тік қалпына, көлденең қалпына және ерін қатысына байланысты болады. Іргелес түрленім тек дауыссыз бен дауыстының тіркесінде кездеседі және іргелес дыбыстардың дауысты сыңары басым болады. Іргелес түрленімге тілдің тік және көлденең қалпы мен ерін қалпы бір мезгілде қатысады. Түрленім осы үш белгінің араласуынан құралады [6, б. 78].

Олай болса, іргелес түрленімге үстеме артикуляциялық белгілер қатысады. Дыбыстың бұл түрленімін *іргелес түрленім* дейміз. Іргелес түрленім буынның дауыссыздан басталған бас шенінде немесе дауыссызға аяқталған аяқ шенінде кездеседі [19, б. 33].

Үндесім дыбыстар

Қазақ тілі дыбыстарының үндесім (сингармониялық) түрленімі өз алдына зерттеу саласы болып бөлінді. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі үндесім дыбыстардың құрамы анықталып, жүйесі сипатталып шықты.

Тіл-тілде сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстарды ұйыстырып, бас-аяғы бүтін бір сөз (немесе бір буын) етіп тұратын лингвистикалық құбылыс болады. Қазақ (түркі) тіліне тән мұндай құбылыс – үндесім (сингармонизм) құбылысы немесе үндесім заңы (сингармонизм заңы) болып табылады [39, б. 82].

Сонымен, буын не сөз құрамындағы дыбыстардың (дауыстылардың да, дауыссыздардың да) бір әуезбен айтылуын *үндесім құбылысы* дейді.

Дыбыстарды (тағы да, дауыстыларды да, дауыссыздарды да) буын не сөзге біріктіріп тұратын (сингармологиялық) құрсауды (просодиканы) *үндесім* (үндестік – ескі атау жүйесі бойынша) *заңы* дейді.

Егер дыбыстардан буын құрап тұрса *буын құрауыш* (просодика слога) ал, сөз құрап тұрса *сөз құрауыш* (просодика слова) деп аталады.

Үндесім құбылысы төрт әуездің (жуан, жіңішке, еріндік, езулік) араласуынан (комбинациясынан) пайда болады: жуан езулік; жуан еріндік; жіңішке езулік; жіңішке еріндік.

Үндесім әуезінің түрлерін белгілеу үшін проф. Ә. Жүнісбек ұсынған арнайы дәйекшелер жүйесі қабылданған (дәйекше әріптің оң жақ жоғарғы бұрышына қойылады) [72]:

- жуан езулік әуез *дәйекшісіз* беріледі, яғни дәйекшенің жоқтығы жуан езулік әуезді көрсетеді;

- жіңішке езулік әуез *сызықша дәйекшімен* беріледі, яғни сызықша дәйекше жіңішке езулік әуезді көрсетеді;

- жуан еріндік әуез *шеңбер дәйекшімен* беріледі, яғни дөңгелек дәйекше жуан еріндік әуезді көрсетеді;

- жіңішке еріндік әуез *сызықша дәйекші + шеңбер дәйекшімен* (қосақталып) беріледі, яғни қосақталған сызықша және шеңбер дәйекші жіңішке еріндік әуезді көрсетеді.

Дәйекші белгілер

- [] - жуан езулік әуез нөлдік белгі (белгіленбейді);
- ['] - жіңішке езулік әуез;
- [°] - жуан еріндік әуез;
- ['°] - жіңішке еріндік әуез.

Жуан езулік әуездідыбыстар (дауысты/дауыссыздар) – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қатысына қарай *езулік* болып табылады.

Үндесім жасалым белгілері: *кейінді, езулік*.

Жіңішке езулік әуеді дыбыстар (дауысты/дауыссыздар) – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қатысына қарай *езулік* болып табылады.

Үндесім жасалым белгілері: *ілгерінді, езулік*.

Жуан еріндік әуезді дыбыстар (дауысты/дауыссыздар) – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай *кейінді*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қатысына қарай *еріндік* болып табылады.

Үндесім жасалым белгілері: *кейінді, еріндік*.

Жіңішке еріндік әуезді дыбыстар (дауысты/дауыссыздар) – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай *ілгерінді*, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қатысына қарай *еріндік* болып табылады.

Үндесім жасалым белгілері: *ілгерінді, еріндік*.

Қазақ тілінің дыбыс талданым желісінің соңғы нәтижелері академиялық «Қазақ грамматикасының» дайындалуымен тікелей байланысты [39, б. 71]. Ең алдымен фонетикалық талданымның бағыттары анықталды: қазақ тілі дыбыстарының жасалымын талдайтын артикуляциялық әдіс және оның артикуляциялық ғылыми аппараты; қазақ тілі дыбыстарының айтылымын талдайтын акустикалық әдіс және оның акустикалық ғылыми аппараты; қазақ тілі дыбыстарының естілімін талдайтын перцепциялық әдіс және оның перцепциялық ғылыми аппараты. Сонда әр зерттеу саласының өзіне тән ұғымдары мен атаулары болады. Өйткені жоғарыда айтылғандай, дәстүрлі қазақ фонетикасында артикуляциялық және перцепциялық ұғым атаулар араласып жүр. Сондықтан артикуляциялық талдау тек артикуляциялық ұғымдар мен артикуляциялық атаулар негізінде жүргізіледі, яғни акустикалық және перцепциялық ұғым/атаулар араластырылмайды; акустикалық талдау тек акустикалық ұғымдар мен акустикалық атаулар негізінде жүргізіледі, яғни артикуляциялық және перцепциялық ұғым/атаулар араластырылмайды; перцепциялық талдау тек перцепциялық ұғымдар мен перцепциялық атаулар

негізінде жүргізіледі, яғни артикуляциялық және акустикалық ұғым/атаулар араластырылмайды [39, б. 41].

Қазіргі кезде білім беру орындарын мемлекеттік деңгейде жаппай компьютерлендіру жүргізіліп жатыр, соның нәтижесінде компьютер дәрісханалары мен сыныптар ашылуда, міндетті пән ретінде информатика енгізілді, мектеп-жоғары оқу пәндерін, оның ішінде мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі де бар, оқытудың инновациялық әдістемелік құралы ретінде интерактив тақталар кеңінен қойылып жатыр [72].

Қазіргі оргтехника мен бағдарламалар білім пәндерінің, қазақ тілі де бар, күрделі фонетика-грамматикалық, лексикографиялық, орфографиялық және де басқа анықама-ережелерін компьютермен шешуге мүмкіндек беріп отыр [72].

Зерттеудің жаңалығы болып компьютер-инновациялық технологияның көмегімен фонетика-морфологиялық деңгейдегі (қосымшалардың үндесім бөлшектерін) ойтексті грамматикалық ережелер мен анықтамаларды қағаз бетінен (түс, сызба және құрылымдық көзтаным көрнекілікке қоса қолтаным және естілім түйсінімді қамтамасыз ететін) интерактив тақталардың бетіне көшіру болып табылады [72, б. 30].

Қазақ тілінің фонетика-морфологиясын оқытудың әдістемесін компьютер бағдарламасы арқылы шешу әдістемесінің қазақ және өзге тілді дәрісханаларда (сыныптарда, топтарда, жеке оқуда) күндізгі, әсіресе қашықтан оқыту үстінде тиімділігін әлденеше есе арттырады, сондай-ақ қоғамдық ғылым боп табылатын классикалық лингвистиканы компьютерлендірудің бастамасы болмақ. Фонетика-морфологияны оқыту педагогика ғылымының құрамды бөлігі ретінде жаңа сапаға ие болады.

Түркі тілтаныммен педагогика ғылымы интерактив-инновациялық технологияны ендіру тәжірибесін қазақ тілтаныммен қарап енді-енді ғана басынан өткеріп отыр. Бұған дейін тек қазақ тілі дыбыстарының көзтаным-қолтаным-естілім модельдерінің оқу-артикуляциялық тәжірибесінің қағаз үлгісі ұсыныла бастаған болатын [73, б. 6]. Бұл зерттеу жұмысы енді қазақ тілінің зерттелімін жаңа құрылымдық – фонетика-морфологиялық – сатыға көтереді. Жоба лингвистика, педагогика және информатика арасындағы оқу-әдістемелік түркологияның жаңа теория-практикалық бағытына жатады.

Лингвистер қазақ тілі морфемдерінің теориялық [74; 75] және құралды (осциллограмма-спектральды сандық-сапалық сипаттамасымен) талданымын [75; 77] даярлайды, ал:

- педагогтар жоба нәтижесінің оқу-әдістемелік көрнекілігін және білім берудің ұйымдастыру шараларын іске асырады [78, б. 77];

- информатиктер оқу-сауат ашу және кеңсе оргтехникаларын қазақша сөйлетудің амалын қарастырады [78, б. 120].

1.4 Қазақ тілі жұрнақтарының буын тұрқын модельдеу

Жалпы тіл біліміндегі (общая лингвистика), оқулықтар мен оқу-құралдарында қарапайым баяндалғанымен, ертеден-ақ толық шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі *буын* болып табылады. Оның тілдегі

қызметімен қатар фонетикалық табиғатын сипаттап, дыбыс құрамын анықтап, шегарасын белгілеу дегенге келгенде әлі де ортақ пікір жоқ.

Буын туралы алғашқы пайда болған теориялардың бірі – «қарқын теориясы» [25, б. 167]. Бұл теория буын табиғатын сөйлеу үстіндегі артикуляциялық серпінмен түсіндіреді. Әрбір серпін бір буын болып шығады. Екінші бір кең тараған теория «үнділік теориясы» [53, б. 167]. «Үнділік теориясы» бойынша әрбір буынның басында үні басым дыбыс (дауысты) тұрады. Сөз құрамында үні басым дыбыс қанша болса, сонша буын болмақ.

Жалпы фонетикада (общая фонетика) буын мәселесі әр қырынан талданып келеді. Соның бірі – буын құрауыштар. «Буын құрауыштар» деп тілдегі буын құрауға қатысатын дыбыстарды айтып отырмыз. Себебі кез-келген тілдегі буын жайын сөз ету үшін алдымен сол тілде буын құрайтын бірлік (немесе дыбыстар) белгілі болу керек. Тілдегі дыбыстар буынға қатысты екі топқа жіктеледі: біріншісі буын құрауға тікелей қатысады немесе буын құрауыштар, екіншісі буын құрауға тікелей қатыса алмайды немесе буын құрауыш емес. Осы пікірге сүйене отырып, олардың қазақша атауын қалыптастыруға да болады [39, б. 88]: буын құрауыш сингемалар (дәстүрлі фонетикада – фонемалар) және буын құрауыш емес сингемалар.

Буын құрамындағы дыбыстардың артикуляциялық тұрғыдан өзара кірігуі күрделі жасалым болып табылады. Дыбыстардың негізгі артикуляциясы әртүрлі өзгерістерге ұшырап жатады. Кейбір дыбыстар бастапқы артикуляциясынан айрылып қалуы да мүмкін. Жаңа қосалқы артикуляциялар пайда болып жатуы да мүмкін. Әрбір тілді зерттеп жүрген ғалымдардың басты міндеті осындай күрделі артикуляциялық құбылыстың ішінен нақты бір тілге тән «буын артикуляциясын» тауып, оны сараптап шығу.

Қазақ тілінің буын жігіне байланысты: «Қазақ тіліндегі буын құрылымының талданым нәтижесі буын жігінің неге оңай табылатын себебін көрсетті, оның белгілі бір сингармологиялық негізі бар екен. Түркі тілдеріндегі буын жігінің оңай табылатын себебі буын төрт үндесім әуездің бірімен айтылады, сондай-ақ түркі тілдерінде (дәстүрлі фонетикада қалыптасқан көзқарасқа керісінше) буыннан кіші морфема жоқ» [39, б. 83] деген пікір бар. Сонымен қазақ тіліндегі буынның басты өзгешелік белгісі оның үндесім тұрқында болып табылады. Басқаша айтқанда буын құрамындағы дыбыстар өзара белгілі бір әуез арқылы кірігеді, сөйтіп барып бір буын құрайды. Буын құрап тұрған дыбыстардың арасындағы ортақ әуез қазақ (түркі) тілін өзге тілдерден бөлектеп тұратын ерекше белгі болып табылады.

Акад. І. Кеңесбаевтың пікірінше, қазақ тіліндегі буынның негізі дауысты дыбыс болып табылады, ал дауыссыздар сол дауыстыларға икемделіп тұрады. Ғалым орыс тіл біліміндегі «қарқын теориясын» қолдайтынын білдіреді [19, б. 38]. Түркі және қазақ тіліндегі буын құрылымын қарастыра келіп акад. А.Қайдаров оның алты түрін атайды және олардың негізінен барлық түркі тілдеріне тән екеніне тоқталады [49, б. 181].

А. Байтұрсынов сөйлеу мен сөйлем, сөйлем мен сөз, сөз бен буын, буын мен дыбыс желісін бір-бірінен туындатып, арасын үзбей өзара байланыстырып қарайды. Сөздерді буынға бөлудің жолын қарастыра келіп, «Буыншы әріп басқалардың ортасында қамауда тұрса, ол буынға «бітеу» деп ат қойындар; буын аяғы буыншы әріпке тірелсе, ол буынға «ашық» деп ат қойындар; буын буыншыдан басқа әріпке тірелсе, ол буынға «тұйық» деп ат қойындар» [3, б. 345], – деп, буын түрлерін саралап береді. Сондағы «буыншы» әріптеріміз дауысты дыбыстар болып шығады. А. Байтұрсыновтың буынның дыбыс құрамын да анықтап кеткенін көруге болады. Сөйтіп осы күнгі қазақ тілінде тек дауыстылардың ғана буын құрай алатындығы, буын түрлері, олардың дауысты-дауыссызға қатысты дыбыс құрамы мен буын аттары жайлы алғашқы мәліметтің бастау көзі болып отыр. Қазіргі қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдарында буын жайы бірыңғай осы үлгімен түсіндіріледі.

Буын мәселесіне арналған келесі лингвистикалық еңбектер осы А.Байтұрсынов ережелерін негізге алып отырады. Айырмашылық тек буын түрлері мен олардың атауларына қатысты болып келеді.

Буын сипатын, түрлерін, жігін, дыбыс құрамын кеңінен талдаған проф. С. Мырзабеков: «Буын – ... ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке (дауысты) дыбыс, не дыбыстар (дауысты, дауыссыз) тобы» [15, б. 101], – деген анықтама береді. Ал буын түрлерін «Құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың орын тәртібіне қарай қазіргі қазақ тіліндегі буынның екі түрі бар: ашық буын және тұйық буын. Бұлай бөлу буынның теориялық та, практикалық та мәніне сай келеді және есте сақтауға ыңғайлы» [15, б. 103] – деп көрсетеді. Сөйтіп буын түрін өзіне дейінгі зерттеушілерден өзгеше екіге ғана бөледі.

Қалай болғанда да аз-кем өзгешеліктерімен буын түрлері мен оның дыбыс құрамының үш түрлі анықтамасы қазақ тілі оқулықтарында ең кең тараған сипаттамасы болып табылады. Буынның осы кең тараған анықтамасы мен сипаттамасы практикалық (оқу-әдістемелік) тұрғыдан мүлтіксіз болғанымен, буын теориясы бола алмайды. Сондықтан буын теориясы өз алдына сөз болғанды қажет етеді.

Буын проблемасы бір ғана қазақ тілтанымында емес, жалпы тілтаным (общая лингвистика) деңгейінде ақиқат шешіліп болған жоқ. Буын табиғатын анықтау мен буын жігін табу жайлы теориялық көзқарастар әлі бір ізге түскен жоқ. Соған қарамай, кез-келген тілде сөздерді буынға бөлудің анық амалы бар. Ендеше нақты бір тілге қатысты «буын мен буын жігі дегеніміз не» деген *теориялық* пікір-талас бар болғанымен, «сөзді буынға қалай бөлеміз» деген *практикалық* пікір-талас кездеспейді. Сондықтан да тіл теориясынан тіптен алшақ жатқан кез-келген адам сөзді оп-оңай буынға бөліп кете береді.

Швейцариялық ұлы ғалым Фердинанд де Соссюрдің синхрондық, диахрондық зерттеулер жөніндегі тұжырымдары да тілдік өзгерістердің табиғатын түсінуге барынша көмектескенін ескерсек, ол статикалық күйге жататынның бәрі синхронды, эволюцияға жататынның бәрі диахронды деп түсінді. Алайда тілдің еш уақытта динамикалық күйін жоғалтпайтындығын,

барлық жағдайда да өзгерудің тоқталмайтындығын И.А. Бодуэн де Куртене, Л.В. Щерба, Г.О. Винокур, Е.Д. Поливанов, Н.С. Трубецкой, Р. Якобсон және т.б. ғалымдар толық дәлелдеп берді.

Тілдік өзгерістердің лингвистикалық және экстралингвистикалық себептерін анықтауда А. Мартине мен Э. Косериудің аса зор еңбек сіңіргені белгілі. «Языковая эволюция вообще определяется постоянным противоречием между присущими человеку потребностями общения и выражения и его стремлением свести к минимуму свою умственную и физическую деятельность», – деп жазды А. Мартине. Жоғарыдағы шағын шолудан лингвистердің үнемдеу құбылысын әр түрлі түсініп, әр түрлі бағалағанын көреміз.

Біздің байқауымызша, үнемдеу құбылысы тілдің бүкіл жүйесін – фонетиканы да, лексиканы да, морфологияны да, синтаксисті де қамтиды. Алайда бұл заңдылық тіл білімінде әр түрлі терминдермен аталып жүр. Мысалы, ол фонетикада «элизия», «апокопа», «гаплоглогия», деп аталса, лексикада – «метонимия», морфологияда «сіңісу», «кіріккен сөздер», синтаксисте – «элипсис», «толымды сөйлемдер» деп аталады. Түптеп келгенде, үнемдеу процесінде пайда болатын соңғы нәтиже – белгілі бір дыбыстың, буынның, сөздің, тіпті сөйлемнің қысқартылып, ықшамдалып айтылуы. Біздіңше, бытырап жүрген терминдердің барлығының басын қосып, үнемдеу заңы деп атаған дұрыс. Мұның өзі бір жағынан үндесу, ұқсату заңымен лингвистикалық үйлесім табады. Екінші жағынан, өте ықшам. Енді үнемдеу заңының біртұтастығын байқату үшін оның тілдің әр саласындағы көріністеріне жеке-жеке тоқталайық.

Белгілі ғалым К. Аханов «Тіл білімнің негіздері» атты кітабында былай деп жазады: «Кейбір фонетикалық жағдайда дыбыстардың мүлдем түсіп қалуы элизия деп аталады. Дауыстырлардың элизиясы (түсіп қалуы) сөздің тіркесінің құрамындағы сөздердің аралығында, сондай-ақ біріккен сөздердің құрамында да кездесуі мүмкін. Мысалы, **торы ат** – айтылуы **торат**, **алты ай** – айтылуы **алтай**, **келе алмады** – айтылуы **келалмады**, **қайын аға** – айтылуы **қайнаға** т.б.» [79, б. 255].

Келтірілген мысалдарда **ы**, **е**, **а** дыбыстары айтылуда түсіп қалған. Алайда бұл дыбыстар дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздермен тіркескенде түспейді. Яғни бұл – уақытша өзгеріс, дыбыстардың түсіп қалуы яки түспеуі қолданылу позициясына, комбинациясына байланысты анықталады. Қазіргі тілдердің тұрғысынан қарағанда, кейбір дыбыстар әр түрлі себептермен элизияға ұшырайды да, ол бірте-бірте мүлде айтылмайтын жағдайға келеді. Тұрақтанған тілдік құбылысқа айналады. Мысалы, диалектілерде ұшырайтын “егер” сөзі әдеби тілде “ер” (көлікке салт мінгенде тоқымның үстінен салынатын арнаулы жабдық). Тарихи жазба ескерткіштердің лексикасында кездесетін “йегрен” сөзі қазіргі қазақ тілінде - “жирен” (қызғылт сары – көбіне жылқы малына байланысты айтылады). Бұл сөздерден **г** дыбысының түсіп қалуы – уақытша құбылыс емес, этимологиялық талдау барысында анықталатын тарихи құбылыс.

Элизияның бір түрі – апакопа. Мұнда сөздің соңындағы дыбыстар түсіп қалып ықшамдалады. Мысалы, сары “сары” сөзінің алғашқы формасы “сарығ” екені тілшілерге белгілі. Тілдің даму барысында қазақ тілінде сөздің соңындағы ғ дыбысы айтылмайтын болған. “Ұлық болсаң, кішік бол” деген мақалдағы “ұлық” сөзінің “ұлы” болып, “кішік” сөзінің “кіші” болып өзгеруі де апокопаның нәтижесі. Бұл жерде айта кететін жай сөз мағынасының өзгеруі, стилистикалық-функционалдық өң алуы, сөздердің дыбыстық өзгеріске ұшырауының басты бір себебі сияқты. Мысалға, “ұлық” пен “кішік” сөздерінің абстракт мағынасы басым да, “ұлы” мен “кіші” сөздерінің нақтылық мағынасы басым.

Сөз құрамындағы дыбыстардың түсіріліп айтылуы жергілікті говорларда да байқалады. Мысалы, “еш нәрсе қалмады” деген тіркесте “қалмады” сөзінің л дыбысы түсіп қалған. Мұндай құбылыс негізінен оңтүстік-шығыс говорларында ұшырасады. Сондай-ақ әдеби тілімізде жарыса қолданылатын “тарқау-тарау” сөздерін бір-бірімен алыстырсақ қ дыбысының тұрақсыздығын байқар едік.

Сөйлеуші дыбыстау органдарына күш түсірмеуін көздеуі салдарынан дыбыстарды ғана емес, буындарды да түсіріп айтады. Бұл факті,әсіресе, ауызекі тілімізде елеулі орын алады. Мысалы, “болып - боп”, “қалып - қап”, “келіп - кеп”, “барамын - барам”, “көремін - көрем” т.б.

Сөйтіп мысалдардан көрінетініндей, элизияға немесе апокопаға ұшыраға дыбыстар кейде уақытша түсіріліп айтылса, кейде толық сыңары жарыса қолданылады. Белгілі бір дыбыстың, немесе буынның мүлдем түсіп қалып тұрақталып орнығуын, сөз жоқ, қысқарып ықшамдалудың жемісі. Қатарласып келген екі бірдей буынның біреуінің түсіріліп айтылуы (мысалы, қайсысы - қайсы) тіл білімінде “гаплогия”. Тарихи тұрғыдан алғанда буындардың әрқашан бірдей құрамда болуы шарт емес. Ұқсастығы болмаса да, элизияға ұшырай береді.

Жеке дыбыстар, буындар жалаң түбірлердің құрамынан ғана емес, сөз тіркестерінен де түсіріліп айтылады. Мысалға, “қалай еткенмен - қайткенмен”, “қалай етіп - қайтіп”, “солай етіп - сөйтіп”, “олай еткені - өйткені”, “алып бар - апар”, “алып кел - әкел” сияқты жарыспалы варианттар әдеби тілде де, ауызекі тілде де кездесетіндіктен, қандай өзгерістерге түскені тайға таңба басқанадай көрініп тұр. Мұны сыртынан этимологиясы күңгірттенген, немесе алғашқы мағынасы мүлдем ұмытылып қалған күрделі сөздер (бұрынғы тіркестер) де кездеседі.


Жекелеген дыбыстар, буындар айтылуда неліктен түсіп қалады деген сұраққа А. Мартине мынадай жауап қайтарады: «Выпадение звуков и слогов происходит в слабых позициях речевого потока, то-есть в безударных слогах и происходит соединение». Осыған орай, буын табиғатын анықтау мен буын жігін табудың амалын қай бағытта іздеуіміз керек деген жорамал қажет болып тұр. Жорамал таза лингвистикалық болады ма, әлде, басқаша жолы бар ма? Міне, буын жайын сөз еткенде, алдымен басын шешіп алатын мәселе, біздің ойымызша, осы болмақ.

Теориялық болжам. Тілтаным тарихында буын мен буын жігі жайлы теориялық (лингвистикалық) пайымдаулар жеткілікті, соған қарамай мәселе бірыңғай шешілмей отырғандығы айтылды. Ендеше буын табиғаты лингвистикалық жолмен анықтала алмайды деген сөз.

Буын жайлы профессор Ә. Жүнісбек пікірінің ізімен толығырық тоқталғанды дұрыс көріп отырмыз. Өйткені сөз құрамындағы жұрнақтардың айтылымы буын артикуляциясына тікелей байланысты [39, б. 48].

Адамзат тілінің әлеуметтік (лингвистикалық) жағы бар, оның физиологиялық жағы тағы бар. Буын адамзат тілінің құрамды бөлшегі ретінде осы екі тұрғыдан талдануға тиіс. Жоғарыда айтылғандай, лингвистикалық пайымдаулар буын табиғатының шешімін таба алмай отырғандықтан, буын табиғатын физиологиялық жолмен іздеу керек деген бір ғана жорамал қалады. Өйткені тіл физиологиясы дегеніміз тіл артикуляциясы болғандықтан, буын тіл артикуляциясының туындысы болып шығады. Бұл – барлық тілдерге тән ортақ пайымдау, басқаша айтқанда, буын барлық тілдерге тән физиологиялық бірлік. Бірақ дыбыстардың буынға кірігу тәсілі барлық тілдерге ортақ болмайды. Себебі әр тілдің немесе туыстас бір топ тілдің өзіне тән бірегей буын құрауыш (просодика слога) амалы бар. Қопарылмалы (флексивные) тілдерде дыбыстардың басын біріктіріп, бір буын құрайтын екпін болса, жадағай (изолирующие) тілдерде – тон, тіркесімді (агглютинативные) тілдерде – үндесім.

Дәстүрлі оқулықтардың фонетика бөлімінде буын түрлері мен олардың дыбыс құрамы көрсетілгенімен, буынның анықтамасы кездеспейді. Өйткені буынға лингвистикалық анықтама беру мүмкін емес, өйткені ол лингвистикалық ұғым (категория) емес, ал физиологиялық (артикуляциялық) анықтама беру әлі күнге дейін мамандардың ойына орала қойған жоқ [52, 56 б.]. Ендеше, алдымен буынның белгілерін түгендап алып, сонан соң оның анықтамасын беруге әрекет жасау керек. Ендеше, алдымен буынның әрекетін жасау керек. Сөйлемдерін жинақтап алып, сонан соң оның анықтамасын беруге болады.



Сурет 1 – Буын түрлері

Сонымен:

- буын физиологиялық (фонетикалық тілмен айтқанда артикуляциялық) ұғым. Сондықтан да буын анықтамасы артикуляциялық тұрғыдан берілу керек, басқаша айтқанда, сөйлеу мүшелерінің қатысымен сипатталады;

- буын – тілдегі ең кіші айтылым (жасалым) бірлік. Буын құрамындағы дыбыстар біртұтас артикуляциямен айтылады. Сондықтан да буын құрамындағы дыбыстар өзара артикуляциялық тұтастықта болады.

- буын – біртұтас айтылатын дыбыс немесе дыбыстар тобы. Сөз ішінде (егер сөз құрамында екі не одан көп буын болса) әр буынның дербес жасалымы (артикуляциясы) болады;

- буын анықтамасының негізі артикуляциялық анықтама болу керек.

Сөйлеу үстінде (сөз құрамында) өзара кірігіп, біртұтас болып айтылатын (жасалатын) дыбыс тіркесін (немесе дербес дыбысты) буын дейміз. Буын тілдегі әрі қарай бөлшектенбейтін ең кіші жасалым (артикуляциялық) бірлік болып табылады.

Дауысты дыбыс жеке тұрып та буын құрай алады. Ал дауыссыз дыбыс тек дауысты дыбыспен тіркесіп қана буын құрайды. Дауыссыз дыбыспен тіркесіп буын құрау үшін олардың арасындағы дәнекер бөлшектің (переходной участок) артикуляциясы күшті болу керек.

Оның екі ғана жолы бар: дауыссыздың бастапқы дәнекер бөлігі күшті айтылады, не аяққы дәнекер бөлігі күшті айтылады. Дауыссыздың бастапқы дәнекер бөлігі күшті айтылса, бастапқы тіркесімді (сильноначальный), аяққы дәнекер бөлігі күшті айтылса аяққы тіркесімді (сильноконечный) деп атаймыз [72, б. 62]. Сонда дауыссыз бастапқы тіркесімді болса, онда өзінен бұрынғы дауыстымен буын құрайды, өйткені оның бастапқы дәнекер бөлігі күшті, ал аяққы тіркесімді болса, онда өзінен кейінгі дауыстымен буын құрайды, өйткені оның аяққы дәнекер бөлігі күшті.

Дауыссыздың дәнекер бөлігі қай жағында күшті болса, сол жағы басым болады да, сол күшті тұсымен дауыстыға нық тіркеседі. Көп буынды сөздің құрамындағы буын шегінің жасалымы (артикуляциясы), керісінше, босаң болады. Өйткені алғашқы буынның соңындағы дыбыс пен келесі буынның басындағы дыбыстың өзара тіркесімі буын ішіндегі тіркесімнен әлсіз болады. Дыбыстар тіркесінің әлсіз тұсы буын жігі болып табылады.

Сонда сөйлеу мүшелерінің тіркесім қуаты толқын тәрізді буын ішінде күшейіп, буын жігінде кеміп отырады. Егер сөйлеу мүшелерінің қуатының күшею-кемуін пішіндейтін (модельдейтін) болсақ, онда бір буынды сөз бір толқыннан, ал көп буынды сөз буын санына қарай бірнеше толқын тізбегінен құралатын болады.

Қазақ тіліндегі буын сипаты. Енді, қазақ тіліне келетін болсақ, «буын жігін қалай табамыз» деген күмән ешкімнің ойына кіріп те шықпайды. Алайда осындай бірыңғай жүйелі ұстанымды жаңсақ орфографиялық емле-ереже қабылдап, қолдан бұзып жатамыз (бұл жерде жазылымы жүйелі қазақ сөздерінің буын құрамын сөз етпейміз, мысалы, *а-та*, *ал-ма*, *ы-быс*, *құ-лын*, күдік т.б.).

Енді, керісінше, көгөн сөзінің буын құрамын талдап көрейік. Бұл жердегі [г] дауыссызының ұяң белгісі соңына қарай айқындала түседі, сонымен қатар басында тоғысыңқыға жақын болып басталып, толық жуысыңқы болып аяқталады. Ендеше дауыссыздың өзіне тән ұяң және жуысыңқылық белгілерінің соңына қарай күшеюі оның бас тіркесінің (сильноконечный) болып, өзінен кейінгі дауыссыздың артикуляциясына ұласып жатқанын көрсетеді. Дәнекер кідіріс дауыссыздың алдында пайда болады. Дәнекер кідіріс дыбыстар арасындағы артикуляциялық байланыстың ең әлсіз тұсында кездесіп, әлсіз тұсын көрсетеді.

Кө[к]ала мен көгөн сөздерінің құрамындағы к/г дауыссызы екеуінде де ортақ дауыссыз аралық орында тұр. Соған қарамай, екеуі екі түрліше өрнектеледі. Себебі олардың түрленіміне олардың сөздің шегіндегі орны әсер етіп тұр: бірі – сөз соңында, бірі – сөз ортасында. Бір артикуляциялық сөздің (ақиқат буынның) соңындағы дыбыс ретінде екіншісі сөздің құрамындағы буынға артикуляциялық тұрғыдан телінбейді. Бұл ақиқат буынның артикуляциялық тұрғыдан тұрақты екенін көрсетеді. Ал орфографиялық буынды қаламның ұшымен құрастыра беруге болады. Ақиқат буын сөйлеу мүшелерінің артикуляциясынан табиғи туындайды, жалған буын орфографиялық емле-ережеден жасанды туындайды. Екі буынның айырмашылығы осында.

Сөйлеу үстіндегі дыбыстардың мұндай түрленімін тәжірибелі фонетистер артикуляциялық және перцепциялық деңгейде аңғарып, талдап бере алады немесе құралды фонетика әдісімен көрнекі сипаттап беруге болады. Бұл – фонетист-мамандарға тән лингвистикалық түйісінім. Әрине, лингвист аңғарған буын құрамындағы дыбыстардың артикуляциялық тұтастығын кез келген адам тікелей түйсіне алмайды. Қазақ тілінде сөйлейтін кісі сөз құрамындағы дыбыс түрленімінің (артикуляциясының) мағыналық (семантикалық) қызметін (бас тіркесім нейрофизиологиялық деңгейде) түйсінеді. Сондықтан да олар көк[г]ала тіркесін тіркесінің құрамындағы көк [г] түс атауы мен ала түс атауын дербес-дербес ұғады, басқаша айтқанда, кө...гала тәрізді мағына-мәнсіз тіркесіммен шатастырмайды.

Қазіргі қазақ тіліндегі буынды екіге бөліп қарастырамыз:

1. Буын құрылымының негізінде артикуляция жатады, сондықтан артикуляциялық (физиологиялық) буынды ақиқат буын деп атаймыз;

2. Буын құрылымының негізінде орфография жатады, сондықтан орфографиялық (жасанды лингвистикалық) буынды жалған буын деп атаймыз.

Ақиқат буын талданымы барлық уақытта жүйелі шығады, өйткені сөздің буын құрамына сол сөздің үндесім әуезі мен мағынасы (семантикасы) тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, сөздің үндесім әуезі анық сақталады, ал мағынасы анық ұғылады. Оған жоғарыда келтірілген мысалдар дәлел. Осыдан ақиқат буынды арнайы талдап жатпаймыз.

Жалған буынның талданымы барлық уақытта жүйесіз шығады, өйткені жалған буын, біріншіден, сөздің үндесім әуезін бұзады, екіншіден, сөздің мағынасына нұқсан келтіреді.

Қазіргі қазақ тілінде жалған буын екі жолмен жасалады. Бірі – кірме әріптердің төл сөздердің құрамындағы жазылымынан пайда болады, мысалы: қиын, буын, иін, жүру т.б. Жалған буынның бұл түрін әліпби жалған буын деп атаймыз. Енді бірі – сөз тіркестерінің жазылым ережесінен (бірге жазу, бөлек жазу) пайда болады, мысалы, көгала, шекара (шекара) т.б. Жалған буынның бұл түрін тіркес жалған буын деп атаймыз. Әліпби жалған буынға мысал жеткілікті және олар бұған дейін де талай талданған, көпке таныс. Тек біреу мысалмен тоқтаймыз: қиын сөзінің құрамында бір жалған буын болса (қи-ын [қый-ын]), аюы, оюы сөздерінің құрамында екі-екіден жалған буын бар (*а-йу*, *а-йу-ы* [*а-йыу-у*], *о-йо-у*, *о-йо-уы* [*о-йыу-у*]) (сөздердің жазылымын сақтап отырмыз).

Тіркес жалған буынның талданымы күрделі болмақ. Оның талданымына әзірге зерттеушілер арасында сәнге айналған көгала сөзін ғана аламыз. Қазіргі орфографиямыз бойынша көк және ала сөздері бірге жазылады. Бірге жазылған соң оның буын талданымы да бір сөз ретінде жүргізіледі: *кө-га-ла*. Мәселе буын жігінің орнында емес, жарайды, бірге жазылған соң, амал жоқ, осылай буындалады. Мәселе басқада, мәселе – осындай сөз дыбыс тіркесіне қарап, «қазіргі қазақ тілінде жіңішке дауыссыз бен жуан дауыссыз тіркесе бермейді» деген лингвистикалық қорытындының пайда болуында. Сонымен:

- буын физиологиялық (фонетикалық тілмен айтқанда *артикуляциялық*) ұғым. Сондықтан да буын анықтамасы артикуляциялық тұрғыдан берілу керек, басқаша айтқанда, сөйлеу мүшелерінің қатысымен сипатталады;

- буын – тілдегі ең кіші айтылым (жасалым) бірлік. Буын құрамындағы дыбыстар бір тұтас артикуляциямен айтылады. Сондықтан да буын құрамындағы дыбыстар өзара артикуляциялық тұтастықта болады;

- буын – біртұтас айтылатын дыбыс немесе дыбыстар тобы. Сөз ішінде (егер сөз құрамында екі не одан көп буын болса) әр буынның дербес жасалымы (артикуляциясы) болады;

- буын анықтамасының негізі артикуляциялық анықтама болу керек.

Сөйлеу үстінде (сөз құрамында) өзара кірігіп, бір тұтас болып айтылатын (жасалатын) дыбыс тіркесін (немесе дербес дауыстыны) буын дейміз. Буын тілдегі артикуляциялық тұрғыдан әрі қарай бөлшектенбейтін ең кіші жасалым (артикуляциялық) бірлік болып табылады.

Дауысты дыбыс жеке тұрып та буын құрай алады. Ал дауыссыз дыбыс тек дауыстымен тіркесіп қана буын құрайды. Дауыссыз дауыстымен тіркесіп буын құрау үшін олардың арасындағы дәнекер бөлшектің (переходной участок) артикуляциясы күшті болу керек. Оның екі ғана жолы бар: дауыссыздың басқы дәнекер бөлшегі күшті айтылады, не аяққы дәнекер бөлшегі күшті айтылады. Дауыссыздың бас дәнекер бөлшегі күшті айтылса, бас тіркесімді (сильноначальный), аяқ дәнекер бөлшегі күшті айтылса аяқ тіркесімді (сильноконечный) деп атаймыз [52, б. 24]. Сонда дауыссыз бас тіркесімді болса, онда өзінен бұрынғы дауыстымен буын құрайды, өйткені оның басқы дәнекер бөлігі күшті, ал аяқ тіркесімді болса онда өзінен кейінгі дауыстымен буын құрайды, өйткені оның аяққы дәнекер бөлшегі күшті.

Дауыссыздың дәнекер бөлшегі қай жағында күшті болса, сол жағы басым болады да, сол күшті тұсымен дауыстыға нық тіркеседі. Көп буынды сөздің құрамындағы буын шегінің жасалымы (артикуляциясы), керісінше, босаң болады. Өйткені алғашқы буынның соңындағы дыбыс пен келесі буынның басындағы дыбыстың өзара тіркесімі буын ішіндегі тіркесімнен әлсіз болады. Дыбыстар тіркесімінің әлсіз тұсы буын жігі болып табылады. Сонда сөйлеу мүшелерінің тіркесім қуаты толқын тәрізді буын ішінде күшейіп, буын жігінде кеміп отырады. Егер сөйлеу мүшелерінің қуатының күшейіп-кемуін пішіндейтін (модельдейтін) болсақ, онда бір буынды сөз бір толқыннан, ал көп буынды сөз буын санына қарай бірнеше толқын тізбегінен құралатын болады.

Қазақ тілі буындарының кездесімі.

Дауысты ашық буын сөздің тек бас шебінде кездеседі: *а-ра, о-тан, ө-рік* т.б.

Дауыссыз+дауысты ашық буын шеп талғамайды, сөздің кез-келген шебінде кездесе береді: *ба-зар, ба-ла-лар, жор-ға* т.б.

Тұйық буын сөздің тек бас шебінде кездеседі: *ақ-тар, ұс-таз, ір-ге, үлкен, ұрт-та, өрт-ті, айт-ты, ұлт-қа* т.б.

Бітеу буын шеп талғамайды, сөздің кезкелген шебінде кездесе береді: *бат-пан, жал-ғыз-дық, жақ-сарт-ты, бұл-тарт, жұрт-қа* т.б.

Қазақ тілі буындарының құралым бірліктері.

Қазақ тілінің буындары үш дыбыс бірліктен құралады.

Дауысты бірлік тек дауысты дыбыс болып саналады, оны шартты түрде V деп белгілейміз.

Дауыссыз бірлік тек дауыссыз дыбыс болып саналады, оны шартты түрде С деп белгілейміз.

Буын бірлік дауыссыз+дауысты тіркесі болып саналады, оны шартты түрде CV деп белгілейміз.

Сонда қазақ тілінің кез-келген буыны осы үш бірліктің тіркесімінен құралады. Мысалы,

- *ас, ән, ыс, із, оз, өт, ұр, үк* сөздерінің құралым моделі V+C болып шығады.

- *ант, арт, ұрт, ұлт* сөздерінің құралым моделі V+C+C болып шығады.

- *тат, бол, көл, сыз, тіс, құт, күт, бек, сән* сөздерінің құралым моделі C+V+C болып шығады.

- *асар, олар, әзір, ілік, ыдыс, ұзақ, үлес, егеу* сөздерінің құралым моделі V+C+V+C болып шығады.

- *астар, ыстық, ұстап, үлкен, іскер, үздік, өскен, әттең, оттық* сөздерінің құралым моделі V+C+C+V+C болып шығады.

- *балалық, қалалар, қарашық* сөздерінің құралым моделі C+V+C+V+C+V+C болып шығады.

Қазақ тіліндегі кез-келген буын осы үш қана бірліктің тіркес ретімен құрылып кете береді.

Одан әрі буындардан сөз құралады.

Бір буынды сөздер сол буынның артикуляциялық тұтастығы болып табылады, мысалы,

Ақ, от, әй, ұл, іс т.б. бір буынды сөздердің құралым моделі VC болып шығады.

Мән, бас, бол, күз т.б. сөздердің құрылым моделі SVC болып шығады.

Тарт, құрт, жарқ т.б. сөздердің құрылым моделі CVCC болып шығады.

Көп буынды сөздер бірнеше буынның артикуляциялық тұтастығы болып шығады, мысалы,

Алға, ыста, ұша т.б. сөздердің құрылым моделі VCCV болып шығады.

Алғаш, ыстық, ұшқыш т.б. сөздердің құрылым моделі VCCVC болып шығады.

Жалған, мыстан, құштар т.б. сөздердің құрылым моделі CVCCVC болып шығады.

Балалардың т.б. сөздердің құрылым моделі CVCVCVCCVC болып шығады.

Одан әрі сөздерден сөйлем (мәтін) құрылады.

Мысалы, *Бүгін күн жақсы болып тұр* деген сөйлемнің құрылым моделі CVCVC CVC CVCCV CVCVC CVC болып шығады.

Қорыта келгенде, үш дыбыс бірлігінен (V, C, CV) буын, сөз, сөйлемнен мәтінге дейін құра беруге болады.

Буын талдауының нәтижесі келесі құрама сөзге арналған бөлімде артикуляция деңгейінде жалғасады. Дыбыстардың артикуляциялық модельдерінің тіркесімін *артикуляциялық жазу (жазылым)* деп атауға болады. Әліпби жазу мәтін құрамындағы дыбыстардың жалпылама айтылымын көрсетсе, артикуляциялық жазу дыбыстың сол тұстағы айтылым түрленімін дәл көрсетіп отырады. Артикуляциялық жазу дыбыс жазудың (үн жазбаның) көрнекі баламасы ретінде жұмсалады [39, б. 82].

Қазақ тіліндегі буын түрлерінің, әсіресе, олардың дауысты немесе дауыссыз дыбысқа бітуінің морфологиялық деңгейге тікелей қатысы бар екендігі белгілі. Себебі келесі жалғанар қосымша дауыстыға басталады ма, әлде, дауыссызға басталады ма, ол – алдыңғы буынның соңғы дыбысына тікелей байланысты кездері болады. Сонымен қатар алдыңғы буынның соңғы дыбысы мен соңғы буынның бастапқы дыбысының арасында да дауыс қатысына тікелей байланысты тұстары бар: буынның дауысты, қатаң, ұяң немесе үнді дыбысқа бітуіне қарай қосымшаның бастапқы дыбысы құбылып отырады. Осы заңдылықтар қазақ тілі үшін аса тұрақты болып табылады. Ендеше қазақ тілінің буын жүйесін буын түрлері мен оның дыбыс құрамын дауысты-дауыссыз тұрғысынан ғана жіктеп қойған жеткіліксіз болтыны профессор Ә. Жүнісбектің талдауынан көрінеді [78]. Профессордың пікірінше, мұндай жіктелім тасымал талабына сай келіп, тасымал ережелерін ғана құрастыруға ғана жарайды. Лексика (сөз) деңгейінде кемістігі жоқ талдау морфология (қосымша) деңгейінде жарамсыз болып жатады. Лексикалық деңгейде буын түрлері мен оның дыбыс құрамы үшін түбір сөздің де, туынды сөздің де мәртебесі бірдей: *ат* [at] та бір сөз, *атты* [atti] (*атты* адам) да бір

сөз. Екі жағдайда да *am* [at] - тұйық буын, ал *ты* [tɪ] – ашық буын. Осы жіктелім тасымал үшін жеткілікті. Ал морфологиялық деңгей үшін: *am* бірлігінің бітеу буын екендігі жеткіліксіз, оның қатаң дауыссызға аяқталып отырғанын қоса ескеру керек. Ендеше *ты* [tɪ] ашық буыны, біріншіден, дауысты дыбыстан бастала алмайды, егер дауысты дыбыстан басталатын болса, онда *am* [at] бірлігі тұйық буын бола алмайды. Екіншіден, ол тек дауыссыз дыбыстан басталады, оның үстіне бастапқы дыбыс тек қатаң дыбыс болу керек. Бастапқы дыбыс қатаң дауыссыз болмаса, *am* пен *ты* тіркесе алмайды. Сондықтан профессор Ә.Жүнісбек буын бірлігінің өзін екі деңгей тұрғысынан қарастыру қажеттігін ұсынады. Ол үшін буынның дыбыс құрамын іштей тағы жіктей түсуге тура келеді.

Буынның дыбыс құрамы іштей екі салаға жіктеледі.

Бірінші, буын құрамындағы дыбыстың дауыс қатысына қарай, мысалы, төмендегі бітеу буындар соңғы дауыссыздың дауыс қатысына қарай жіктеледі: *жаз* [jaz] - ұяң дауыссызға аяқталып тұр, *жас* [jas] - қатаң дауыссызға аяқталып тұр; *жан* [jan] - үнді дауыссызға аяқталып тұр. Сонда, мысалы, есім жұрнақтың варианттары бұлардың әрқайсысына талғап қана жалғанады: *жаздық* [jazdɪq] - ұяң *з* [z] дауыссызынан кейін тек ұяң *д* [d] дауыссызы, *жастық* [jastɪq] - қатаң *с* [s] дауыссызынан кейін тек қатаң *т* [t] дауыссызы, немесе ілік септігі *жанның* [jannɪŋ] - үнді *н* [n] дауыссызынан кейін тек үнді *н* [n] дауыссызы.

Екінші, буын құрамындағы дыбыстың әуез қатысына қарай, мысалы, төмендегі бітеу буындар соңғы дауыссыздың әуез қатысына қарай жіктеледі: *қаз* [qaz] – жуан езулік дауыссызға аяқталып тұр; *кез* [kez'] жіңішке езулік дауыссызға аяқталып тұр, *құз* [quz°] – жуан еріндік дауыссызға аяқталып тұр; *күз* [küz'°] – жіңішке еріндік дауыссызға аяқталып тұр. Сонда, мысалы, тағы да ілік септігінің жалғауының варианттары бұлардың әрқайсысына талғап қана жалғанады: *қаздың* [qazdɪŋ] - жуан езулік *з* дауыссызынан кейін тек жуан езулік *д* [d] дауыссызы, *кездің* [kez'd'ɪŋ] - жіңішке езулік *з* [z'] дауыссызынан кейін тек жіңішке езулік *д* [d'] дауыссызы, *құздұң* [quz°d°uŋ] - жуан еріндік *з* [z°] дауыссызынан кейін тек жуан еріндік *д* [d°] дауыссызы, *күздұң* [küz'°d'°üŋ] - жіңішке еріндік *з* [z'°] дауыссызынан кейін тек жіңішке еріндік *д* [°] дауыссызы.

Сонда қазақ тіліндегі буынның басқы және аяққы дыбыстарының артикуляциялық (жасалым) және перцепциялық (естілім) белгілерінің лингвистикалық мәні бар болып шығады. Лингвистикалық мәні бар фонетикалық құбылыстың әрқашан да артикуляциялық тірегі болады.

Бұл – іргелес дыбыстардың арасындағы фонетикалық шарт.

Ал буын құрамындағы дыбыстардың бір-біріне икемделуі сингармонизм заңына байланысты екендігі профессор Ә. Жүнісбектің еңбектерінде жан-жақты талданған «...в казахском (тюркском) языке слог сингармонически замкнутый артикуляционный сегмент и он не распадается на независимые друг от друга составляющие...» [78].

Қазақ тіліндегі дәстүрлі буын түрлері мен олардың дыбыс құрамы. Қазақ тілінде буынның үш түрі бар:

а) **ашық буын** – бір ғана дауысты немесе дауыссыздан басталып, дауыстымен аяқталады, мысалы, *а-та, а-на, і-ні, ұ-лы, ү-кі* т.б. сөздердің құрамында тек ашық буындар бар;

ә) **тұйық буын** – дауыстыдан басталып, дауыссызбен немесе дауыстыдан басталып дауыссыз, дауыссызбен аяқталады, мысалы, *ақ, әл, ыс, іс, ор, ұл, үк, айт, өрт, ұрт, ұлт* т.б. сөздер тек тұйық буыннан құралып тұр.

б) **бітеу буын** – дауыссыздан басталып, дауыстымен жалғасып, дауыссызбен аяқталады немесе дауыссыздан басталып, дауыстымен жалғасып, дауыссыз, дауыссызбен аяқталады, мысалы, *тат, мыс, біл, бұл, бол, бүк, бес, тарт, қайт, жұрт, сұрт, төрт, қант, мұрт, салт* т.б. сөздер тек бітеу буыннан құралып тұр.

Қазақ тіліндегі дыбыстар өз ара артикуляциялық үйлесімін тапқанда ғана бір бірімен тіркесіп, бір буынға (сөзге) біріге алады. Ол үшін бір буынның (сөздің) құрамындағы дыбыстардың үйлесім белгілері бірдей болу керек. Сонда ғана қазақ тіліндегі буын (сөз) біркелкі үйлесім әуезбен айтылады, сөйтіп қазақ сөзі қазақы жатық естіледі. Өйткені қазақ сөзінің үйлесім құрылымы мен үйлесім естілімінің арасында тікелей байланыс бар. Басқаша айтқанда, сөздің үйлесім жасалымынан (артикуляциясынан) үйлесім естілім (перцепция) туындап, сөз табиғи (акцентсіз) қабылданады.

Үйлесім талдаудың ғылыми аппараты (ұғымдар мен атаулар) жайлы.

Қазақ тілі дыбыстарының үйлесім түрленіміне тілдің көлденең қалпы *ілгерінді* (егер тілі ауыз қуысында ілгері жыжып жатса), *кейінді* (егер тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатса), *жоғарылы* (егер тіл ауыз қуысында жоғары жатса), *төменді* (егер тіл ауыз қуысында төмен жатса) болып қатысады.

Қазақ тілі дыбыстарының жасалымына ерін қатысы екі түрлі болады [52, б. 24]. Егер дыбыстардың үндесім (сингармонизм) түрленімін ескеретін болсақ, онда езулік [а, ә, ы, і, е] және еріндік [ұ, ү, о, ө] деп екіге жіктей саламыз, ал егер дыбыстардың үйлесім (ассимилятив) түрленімін ескеретін болсақ, онда езуліктік өзін *ашық езулік* [а, ә], *қысаң езулік* [ы, і] және *емеурін езулік* [е] деп үшке, еріндіктің өзін *доғал еріндік* [ұ, ү] және *сүйір еріндік* [о, ө] деп екіге жіктейміз. Сонда қазақ тілі дыбыстарының үйлесім жасалымына ерін қатысының өзі бес түрлі болады. Мұның өзі қазақ тілі дыбыстарының жасалымында ерін қатысының маңызы үлкен екенін көрсетеді.

Сонда қазақ тілі дыбыстарының үйлесім түрленімінің ғылыми аппараты (атаулары) тіл қатысына қарай *ілгерінді/кейінді, жоғарылы/төменді*, ерін қатысына қарай *ашық езулік, қысаң езулік, емеурін езулік, доғал еріндік, сүйір еріндік* болып құралады. Қазақ тілі дыбыстарының үйлесім сипаттамасы мен олардың жасалым (артикуляциялық) сипаттамасының арасында өзіндік ұғым/атау ерекшеліктері бар. Мысалы, жасалым тұрғысынан *тіл арты* болса, үйлесім тұрғысынан *кейінді* деп аталады.

Үйлесім талдау үстінде дыбыстың нақты жасалу орны, жасалу тәсілі мен дауыс желбезегінің (дауыс) қатысы ескерілмейді.

Аталған атаулар сөйлеу үстіндегі қазақ тілі дыбыстарының бәріне (дауысты/дауыссыздар) бірдей ортақ қатысты: егер дауысты ілгерінді болса, онда жұрнақ (сегмент) құрамындағы дауыссыз да ілгерінді; егер дауысты еріндік болса, онда жұрнақ құрамындағы дауыссыз да еріндік.

Қазіргі қазақ фонетикасының ғылыми аппараты жайлы профессор Ә. Жүнісбек еңбектерінде сөз етіледі. Қазақ фонетикасында қалыптасқан ұғымдар мен атаулар жүйесіне көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізігендігі туралы ерекше атап өтеді. Себебі осы күнгі ұғым-атаулар «дәстүрлі» үнді-еуропа тілтанымына байланып қалған да, көбінесе қазақ тілі табиғатын не жаңсақ, не жартыкеш түсіндіріп жатады. Оның үстіне өзге тілдерде жоқ қазақ тіліндегі өзіндік құбылыстар ұғым-атау тапшылығынан көзге ілінбей келді. Сондықтан да қазақ фонетикасына тән ұғым-атаулардың жаңа жүйесін құрастырып, оларды түсіндіруге тура келді. Сонымен, «Фонетика» бөлімі бұрынғы көз үйренген үлгісінен көп өзгеше болып шықты. Әсіресе, көптеген дыбыстардың сипаттамасы тиянақталып, қайта жазылды. Оның үстіне дыбыстардың үндесім (сингармонизм) жүйесі бұрын-соңды болмаған жаңа тарау ретінде қосылып отыр. Тағы бір айта кететін жай – қазақ тілінің төл дыбыстары ешбір қоспасыз өз алдына талданды. Соның нәтижесінде тілімізге жасанды еніп кеткен х, һ «әріп-дыбыстар» шығарылып тасталды. Ал орыс тілінен енген дыбыстарды қазақ дыбыстары құрамында қарастырудың өзін жөнсіз деп таптық (керек болып жатса, іздеген адамға олар жайлы мәлімет орыс тілтанымында жеткілікті). Өзімізді де, өзгені де шатастырып келген и, у, я, ю кірме әріптері жайлы қосымша мәлімет бергенді жөн көрдік. Алдымен қазақ тілінің төл дыбыстарының құрамын анықтап, жүйесін сипаттап алған соң барып кірме дыбыстар жайлы сөз еткен 18 дұрыс болар. Олар қазақ дыбыстарының құрамы мен жүйесінен үндесім орнын тауып сінді ме, жоқ әлде жапсырма-жамау күйінде қалды ма? Жауап біреу: егер кез келген кірме дыбыс үндесім заңына бағынбаса, онда ол қазақ дыбыстарының құрамына енген жоқ деген сөз. Қазақ тілінің дыбыс құрамын төл сөзқұрауыш сингармология тұрғысынан талдағанда ғана қазіргі кездегі «қазақ тілінде қанша дауысты бар, қанша дауыссыз бар?» деген әрі тарт, бері тарт сұрақтардан арылатын боламыз. Фонетикалық негізгі ұғымдар мен атаулар Жасалым фонетика (артикуляционная фонетика) – дыбыстың жасалу жолдарын анықтайтын фонетика саласы:

- жасалу орны: ерін (губной), ерін-ерінді (губно-губной), тіл ұшы (альвеолярный), тіл алды (переднеязычный), тіл ортасы (среднеязычный), тіл арты (заднеязычный), тілшік (увулярный);

- жасалу тәсілі: тоғысым (смычка), тоғысыңқы (смычный), жуысым (щелинность), жуысыңқы (щелевой), жинақы жуысыңқы (круглощелевой), жайылыңқы жуысыңқы (плоскощелевой), діріл (дрожащий), жанама (боковой);

- дауыс қатысы: тербеліссіз (дауыс желбезегі қатыспайды, яғни қатаң), тербеліңкі (дауыс желбезегі жартылай қатысады, яғни ұяң), тербелімді (дауыс

желбезегі мол қатысады, яғни үнді), тербелмелі (дауыс желбезегі толық қатысады, яғни дауысты).

Айтылым фонетика (акустическая фонетика) – дыбыстың нақты болмысын анықтайтын фонетика саласы:

- жаңғыртқы (резонатор) жүйесі: ауыз қуысы (ртовый резонатор), көмей қуысы (глоточный резонатор);

- айтылым күші: нық (напряженный), босаң (полунапряженный), бос (ненапряженный). Естілім фонетика (перцептивная фонетика) – дыбыстың естілу сипатын анықтайтын фонетика саласы:

- түйсінім түрі: қатаң (глухой), ұяң (звонкий), үнді (сонорный);

- естілім қарқыны: күшті лепті, босаң лепті, бос лепті. Үндесім фонетика (сингармология) – дыбыстың үндестік сипатын анықтайтын фонетика саласы:

- әуез жүйесі: езулік әуез (палатальный тембр), еріндік әуез (лабиальный тембр); жуан езулік әуез, жіңішке езулік әуез, жуан еріндік әуез, жіңішке еріндік әуез.

- жасалым белгісі: езулік (неогубленный), еріндік (огубленный), ілгерінді (продвинутый), кейінді (отодвинутый);

- айтылым белгісі: ауыз қуысты (ртовый), көмей қуысты (глоточный), тұтас қуысты (ротово-глоточный);

- естілім белгісі: жуан (твердый), жіңішке (мягкий), езулік (неогубленный), еріндік (огубленный).

Фонетикалық атаулардың толық түсіндірме сөздігі жұмыс соңында өз алдына берілді. Алайда қажет болған жағдайда, кейбір бөлімдердің түсінігін жеңілдету үшін мөлтек атаулар тізімін беріп отырдық.

Қазақ сөзінің талданым желісі Теориялық фонетика тұрғысынан қарағанда дыбыстан сөзге қарай талдау дұрыс нәтиже бермейді. Өйткені жоғарыда көрсетілгендей, ондай жағдайда дыбыстың бір ғана айтылым үлгісі қамтылады да, өзге үлгілері жасырын қалып қояды. Сондықтан қазақ сөзінің талданым желісі мәтіннен (сөйлемнен) дыбыс бағытында жүргізілу керек. Сонда ғана тілдегі дыбыс үлгілерін түгел табуға болады.

Алдымен мәтін (сөйлем) алынады, оның ішінде әртүрлі үндесім әуезді сөздер кездеседі;

- мәтін (сөйлем) ішінен сөз бөлінеді, ол сөздің өзіне тән үндесім әуезі бар;

- сөзден сол сөзге тән үндесім әуезді буын ажыратылады;

- буыннан барып сол буынға тән үндесім әуезді дыбыс табылады.

Осы жолмен табылған дыбыстар қазақ тіліне тән ақиқат дыбыстар саналады. Сөйтіп, қазақ тіліндегі дыбыстардың әліпби тізбегінен өзгеше толық құрамы шығады.

Түркі (қазақ) тілдерінің үнді-еуропа тілдерінің ізімен талданып жүргендігі бұған дейінгі тілтанымдағы еуропаөзімшіл (еуропацентристік) ұстанымның басымдылығынан болып отыр. Өкінішке қарай, қазақ (түркі) фонетистері әзірге еуропацентризмнен арыла алмай келеді. Қазақ тілі үндесім

(сингармониялық) тіл болғандықтан, оның дыбыс құрамына тән ұғымдар мен атаулардың өз ерекшелігі болады.

Тілтаным тарихында буын мен буын жігі жайлы теориялық (лингвистикалық) пайымдаулар жеткілікті, соған қарамай мәселе бірыңғай шешілмей отырғандығы айтылды. Ендеше буын табиғатын лингвистикалық жолмен анықтала алмайды деген сөз.

Адамзат тілінің әлеуметтік (лингвистикалық) жағы бар, оның физиологиялық жағы тағы бар. Буын адамзат тілінің құрамды бөлшегі ретінде осы екі тұрғыдан талдануға тиіс. Жоғарыда айтылғандай, лингвистикалық пайымдаулар буын табиғатының шешімін таба алмай отырғандықтан, буын табиғатын физиологиялық жолмен іздеу керек деген бір ғана жорамал қалады. Өйткені тіл физиологиясы дегеніміз тіл артикуляциясы болғандықтан, буын – тіл артикуляциясының туындысы болып шығады. Бұл – барлық тілдерге тән физиологиялық бірлік. Бірақ дыбыстардың буынға кірігу тәсілі бір топ тілдің өзіне тән бірегей буын құрауыш (просодика слога) амалы бар. Қопармалы (флексивные) тілдерде дыбыстардың басын біріктіріп, бір буын құрайтын екпін болса, жадағай (изолирующие) тілдерде – тон, тіркесімді (агглютинативные) тілдерде ол қызметті үдесім атқарады.

Дәстүрлі оқулықтардың фонетика бөлімінде буын түрлері мен олардың дыбыс құрамы көрсетілгенімен, буынның анықтамасы кездеспейді. Өйткені буынға лингвистикалық анықтама беру мүмкін емес, өйткені ол лингвистикалық ұғым (категория) емес, ал физиологиялық (артикуляциялық) анықтама анықтама беру әлі күнге дейін мамандардың ойына орала қойған жоқ. Ендеше, алдымен буынның белгілерін түгендеп алып, сонан соң оның анықтамасын беруге әрекет жасау керек.

Бірінші тарау бойынша тұжырым. Қазақ тілінің төл дыбыстық құрамын айқындау, оның ішкі құрылымдық жүйесін сипаттау – қазіргі фонетика ғылымының маңызды әрі өзекті бағыттарының бірі. Бұл міндет қазақ тіл білімінің дәстүрлі фонетикалық зерттеулерін жаңа теориялық және әдіснамалық тұрғыдан қайта қарауды қажет етеді. Дәстүрлі фонетикада дыбыстардың сингармологиялық және фонетикалық (жасалым, айтылым, естілім) қырлары кешенді түрде қарастырылғанымен, қазіргі кезеңде осы екі деңгейдің ара-жігін нақты ажырату және олардың зерттеу нысанын дербес қарастыру өзекті мәселе болып отыр. Осыған байланысты фонетикалық және сингармологиялық талдау бағыттары жеке лингвистикалық салалар ретінде жүйеленіп, олардың әдіснамалық ұстанымдары берілді.

2 ЕСІМДЕРДІҢ ҮНДЕСІМ-ҮЙЛЕСІМ МОДЕЛЬДЕРІ

2.1 Заттекті жұрнақ: үндесім-үйлесім модельдері

Тілдердің жіктелім белгілерінің моделі ерекше. Тілдердің айырым белгілері олардың жіктеліміне негіз болып қана қоймай, кейбір пікір-талас тудырып жүрген мәселелерді шешуге де септігін тигізеді. Ең бастысы қазақ тілтанымында орнығып қалған «еуропацентристік» ұстанымдардан арылуға мүмкіндік береді. Жоғарыдағы кестеде келтірілген тілдерді жіктеудің кез келген айырым белгілерін модельдеп шығуға болады. Алайда бүгінгі зәру зерттелім сөз просодикасының моделін жасау болып отыр. Өйткені қазақ тілтанымындағы «еуропацентризм» орыс тілінің сөздік екпінінен басталып отыр. Өйткені «қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі» деген жаңсақ ереже қазақ тілінің оқулықтарында әбден қалыптасып қалған. Сөздік екпін немесе акцент тілдерді жіктеудің айырым белгісі болғандықтан, ол тек бір тілдің ғана, яғни орыс тілінің құрылымына ғана тән. Ендеше, сөздік екпінді, мысалы, қазақ не қытай тілінің құрылымынан іздемеу керек. Әуен немесе тон тілдерді жіктеудің айырым белгісі болғандықтан, ол тек бір тілдің ғана, яғни қытай тілінің құрылымына ғана тән. Ендеше, тонды, мысалы, қазақ не орыс тілінің құрылымынан іздемеу керек. Үндесім немесе сингармонизм тілдерді жіктеудің айырым белгісі болғандықтан, ол тек бір тілдің ғана, яғни қазақ тілінің құрылымына ғана тән. Ендеше, сингармонизмді, мысалы, қытай не орыс тілінің құрылымынан іздемеу керек. Олай болса:

- сөздік екпін бар жерде тон мен сингармонизм болмайды;
- тон бар жерде сөздік екпін мен сингармонизм болмайды;
- сингармонизм бар жерде сөздік екпін мен тон болмайды.

Әлем тілдеріндегі белгілі сөз просодикаларының (сөзқұрауыш) моделі үшбұрыш үлгісінде болып шығады. Үшбұрыш моделінің басты сипаты оның бұрыштары еш уақытта бір нүктеде қиылыса алмайды. Ал сөз просодикалары үшбұрыштың әр басына орналасқан. Олай болса, олар да бір тілдің құрамына жинала алмайды. Әрбір сөз просодикасының көрнекі моделі олардың фонетикалық құрылымының да бір-бірінен мүлдем өзгеше екенін дәлелдейді. Сингармонизмнің тілдік мәртебесі тең төрт әуезі: жуан езулік, жіңішке езулік, жуан еріндік, жіңішке еріндік болса, сөз құрамындағы екпін түрлерінің қарқыны: екпінді, жоғары екпінді, орта екпінді, екпінсіз еш уақытта тең болмайды, ал тонның көп сатылы деңгейлері: төмен, жартылай төмен, жартылай жоғары, жоғары буын-сөздердің айтылымын түрлендіріп отырады. Әр тілге тән сөз просодикасы өзінше көпқұрылымды болады екен. Сингармонизм сөз әуезі мен сөз құрамындағы буындардың айтылым қарқынын біркелкі ұстайды. Сондықтан да сөз бастан-аяқ тек біркелкі әуезбен айтылып, белгілі бір буынның басым айтылуы кездеспейді.

Керісінше, сөздік екпін сөз әуезін біркелкі сақтамайды, сондықтан да орыс сөзінің құрамында әртүрлі әуезді буындар кездесе береді және сөз құрамындағы буындардың екпін қарқыны еш уақытта тең болмайды. Олай болса, қазақ сөзінің құрамында біркелкі әуезді және айтылым қарқыны

бірыңғай буындар мен әртүрлі әуезді және екпін қарқыны әртүрлі буындардың қоса айтылуы артикуляциялық тұрғыдан мүмкін емес. Басқаша айтқанда, сингармонизм мен екпін бір сөздің құрамына сыйыспайды: сингармонизм бар жерде екпін болмайды, екпін бар жерде сингармонизм болмайды. Ендеше, «қазақ тілінде екпін бар» деген ережені жаңсақ қабылданған деп түсіну керек.

Қазіргі теориялық фонетика болсын, сондай-ақ практикалық фонетика болсын (оқу-әдістеме саласы) интерактив-инновациялық көрнекілікті кеңінен пайдалануға көшті. Біз де соның бір үлгісі ретінде буынның үндесім-үйлесім тұрқының интерактив моделін ұсынбақшымыз. Буынның үндесім тұрқы құрамындағы дыбыстардың әуез бірлігі, ал үйлесім тұрқы құрамындағы дыбыстардың іргелес бірлігі болып табылады. Буын тұрқының екі түрінің де жасалым-естілім (артикуляция-перцепциялық) дәйектемесі бар. Көрнекілікке де сол дәйектемелер негіз болады [80].

Мысалы, *-лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік)* жұрнағының әуез бірлігінің жасалым (артикуляциялық), естілім (перцепциялық) екі сипаттамасы болады:

-лық (-дық, -тық) тобының жасалымы *кейінді, жоғарылы, езу* болса, естілімі *жуан, езулік әуезді* болады;

-лік (-дік, -тік) тобының жасалымы *ілгерінді, жоғарылы, езу* болса, естілімі *жіңішке, езулік әуезді* болады.

Іргелес бірлігінің үш жасалым (артикуляциялық), естілім (перцепциялық) сипаттамасы болады:

-лық (-лік) тобының жасалымы *тербелімді* болса, естілімі *үнді* болады;

-дық (-дік) тобының жасалымы *тербеліңкі* болса, естілімі *ұяң* болады;

-тық (-тік) тобының жасалымы *тербеліссіз* болса, естілімі *қатаң* болады.

Төменде *-лық* тобының, *-дық* тобының, *-тық* тобының интерактив моделін ұсынамыз. Бұл модельдер әзірге үлгі ретінде құрастырылып отыр. Модельдердің жіктелім үлгілерін дайындау ісі әрі қарай жалғаса түсетін болады.

Қазақ фонетикасының құрылым (структуралық) бірліктері өзара жұптасып (жуан/жіңішке, еріндік/езулік т.б.) келеді [81; 82; 83; 84]. Мұның өзі қазіргі ақпарат технологиясын пайдалануды көп жеңілдетеді. Ендеше қазақ фонетикасының осы бір табиғи икемділігін кеңінен пайдаланып отыру керек.

2.1.1 Заттекті жұрнақтардың –*Л [l]* тобы

Жұрнақтың:

-бастау л[l] дыбысының негізгі жасалымы: жасалу орнына қарай – тіл ұшы, жасалу тәсіліне қарай – жанама жуысыңқы, дауыс қатысына қарай – тербелімді (үнді);

-келесі ы[l] дыбысының негізгі жасалымы: тілдің көлденең қалпына қарай – тіл арты, тілдің тік қалпына қарай – қысаң, ерін қатысына қарай – езулік;

-соңғы қ[q] дыбысының негізгі жасалымы: жасалу орнына қарай тілшік (тіл ортасы), жасалу тәсіліне қарай – тоғысыңқы, дауыс қатысына қарай – тербеліссіз (қатаң).

Біз қарастырып отырған заттекті жұрнақтардың оқу-әдістемелік құрамы -лық [lɪq], -лік [lɪk] деп екі түрі ғана ескеріледі. Ал қазақ орфографиясында ерін үндестігі ескерілмегендіктен оның ақиқат -лұқ [lɪq], лүк [lɪk] үлгілері қалыс қалып келеді. Соның нәтижесінде заттекті жұрнақтардың құрамы жартыкеш (төрт үлгінің орнына екі үлгі) көрсетіледі. Теория-практикалық, сондай-ақ оқу-әдістемелік тұрғыдан жаңсақ екенін ескеріп, заттекті жұрнақтардың ақиқат құрамын түгел қамтуға тырыстық: -лық [lɪq], -лік [l'ik'], -лұқ [l°uq°], -лүк [l°ük°].

Жалғаудың үстеме жасалым естілімі буын тұрқына түгел тән болады:

-лық [lɪq] үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – кейінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – езулік;

-лік [l'ik'] үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – ілгерінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – езулік;

-лұқ [l°uq°] үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – кейінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – еріндік;

-лүк [l°ük°] үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – ілгерінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – еріндік;

Дыбыстың түрленім үлгілерінің арасындағы айырым-ортақ белгілер жүйесі күрделі болып келеді, өзара салыстырып шығайық:

-лық [lɪq] – кейінді, жоғарылы, езулік;

-лік [l'ik'] – ілгерінді, жоғарылы, езулік;

-лұқ [l°uq°] – кейінді, жоғарылы, еріндік;

-лүк [l°ük°] – ілгерінді, жоғарылы, еріндік;

Кез-келген екі жұбы бір не екі айырым белгі арқылы түрленеді екен, бәріне ортақ бір жоғарылы белгісі бар. Әрбір жұбын жеке-жеке талдап өтейік:

-лық [lɪq] – кейінді, жоғарылы, езулік;

-лік [l'ik'] – ілгерінді, жоғарылы, езулік;

Кейінді/ілгерінді белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.

-лық [lɪq] – кейінді, жоғарылы, езулік;

-лұқ [l°uq°] – кейінді, жоғарылы, еріндік;

Езулік/еріндік белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.

-лық [lɪk] – кейінді, жоғарылы, езулік;

-лүк [l°ük°] – ілгерінді, жоғарылы, еріндік;

Кейінді/ілгерінді, езулік/еріндік белгілері (екі жұп) арқылы түрленеді.

-лік [l'ik'] – ілгерінді, жоғарылы, езулік;

-лұқ [l°uq°] – кейінді, жоғарылы, еріндік;

Ілгерінді/кейінді, езулік/еріндік белгілері (екі жұп) арқылы түрленеді.

-лік [*l'ik'*] – ілгерінді, жоғарылы, *езулік*;
 -лүк [*l'°ük'°*] – ілгерінді, жоғарылы, *еріндік*;
 Езулік/еріндік белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.


-лұқ [*l'°uq°*] – кейінді, жоғарылы, еріндік;
 -лүк [*l'°ük'°*] – ілгерінді, жоғарылы, еріндік;
 Кейінді/ілгерінді белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.

Заттекті жұрнақтардың **л[І]** талданымы оның еріндік түрленім үлгілерінің де қосымша жүйесіне ақиқат енетінін көрсетеді. Ендеше жұрнақтың барлық түрленім үлгілерін оқу-әдістемелік тұрғыдан ескеріп отыру керек болады [85; 86; 87; 88].

Төменде көрнекілік ретінде интерактив слайд үлгілерін келтіріп отырмыз.

л[І] дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **л[І]** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иектің шегарасымен тоғысып, екі жаны ашық қалады. Жасалу тәсіліне қарай *жанама жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **л[І]** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы*, *жанама жуысыңқы*, *үнді* дауыссыз дыбыс.



Сурет 2 – **[lq]** үлгісінің моделі


Л^ы – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады [89; 90; 91].

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы*, *қысаң езулік*, *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Л'[П'] дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Л'[П']** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иектің шегарасымен тоғысып, екі жаны ашық қалады. Жасалу тәсіліне қарай *жанама жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Л'[П']** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы*, *жанама жуысыңқы*, *үнді* дауыссыз дыбыс.



Сурет 3 – **Л'[П']** үлгісінің моделі

Л^і – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады,


ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады.

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы**, ерін қалпына қарай **қысаң езулік**, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: **жоғарылы**, **қысаң езулік**, **ілгерінді** дауыссыз дыбыс.

Л°[I°] дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай **тіл ұшы** дауыссыз дыбыс болып табылады. **Л°[I°]** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иектің шегарасымен тоғысып, екі жаны ашық қалады. Жасалу тәсіліне қарай **жанама жуысыңқы** дауыссыз дыбыс болып табылады. **Л°[I°]** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай **үнді** (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: **тіл ұшы**, **жанама жуысыңқы**, **үнді** дауыссыз дыбыс.



жоғарылы, доғал еріндік, кейінді құрақ

Ол өзінің күдіреттілігін, сұлулығын, даңқты екенін сезгендей еді.

Сурет 4 – **Л°[I°]** үлгісінің моделі


Л° – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс баолып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай **доғал еріндік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады.

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы**, ерін қалпына қарай **доғал еріндік**, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: **жоғарылы**, **доғал еріндік**, **кейінді** дауыссыз дыбыс.

$Л^o[П^o]$ дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. $Л^o[П^o]$ дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иектің шегарасымен тоғысып, екі жаны ашық қалады. Жасалу тәсіліне қарай *жанама жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. $Л^o[П^o]$ дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы*, *жанама жуысыңқы*, *үнді* дауыссыз дыбыс.



жоғарылы, қысаң езулік, кейінді құрақ

жоғарылы, қысаң езулік, ілгерінді құрақ

жоғарылы, доғал еріндік, кейінді құрақ

жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді құрақ

Сурет 5 – $Л^o[П^o]$ үлгісінің моделі

$Л^y$ – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай *доғал еріндік* дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады.

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, доғал еріндік, ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

2.1.2 Заттекті жұрнақтардың -Д тобы

Жұрнақтың:

-бастау $\partial[d]$ дыбысының негізгі жасалымы: жасалу орнына қарай – тіл ұшы, жасалу тәсіліне қарай – тоғысыңқы, дауыс қатысына қарай – тербелінкі;

-келесі $ы[l]$ дыбысының негізгі жасалымы: тілдің көлденең қалпына қарай – тіл арты, тілдің тік қалпына қарай – қысаң, ерін қатысына қарай – езулік;

-соңғы $қ[q]$ дыбысының негізгі жасалымы: жасалу орнына қарай тілшік (тіл ортасы), жасалу тәсіліне қарай – тоғысыңқы, дауыс қатысына қарай – тербеліссіз.

Біз қарастырып отырған заттекті жұрнақтардың оқу-әдістемелік құрамы -дық $[dɪq]$, -дік $[d'ik']$ деп екі түрі ғана ескеріледі. Ал қазақ орфографиясында ерін үндестігі ескерілмегендіктен оның ақиқат -дұқ $[d^o uq^o]$, дүк $[d'^o ük'^o]$ үлгілері қалыс қалып келеді. Соның нәтижесінде заттекті жұрнақтардың құрамы жартыкеш (төрт үлгінің орнына екі үлгі) көрсетіледі. Теория-практикалық, сондай-ақ оқу-әдістемелік тұрғыдан жаңсақ екенін ескеріп, заттекті жұрнақтардың ақиқат құрамын түгел қамтуға тырыстық: -дық $[dɪq]$, -дік $[d'ik']$, -дұқ $[d^o uq^o]$, -дүк $[d'^o ük'^o]$.

Жалғаудың үстеме жасалым естілімі буын тұрқына түгел тән болады [90; 91]:

-дық $[dɪq]$ үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – кейінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – езулік;

-дік $[d'ik']$ үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – ілгерінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – езулік;

-дұқ $[d^o uq^o]$ үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – кейінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – еріндік;

-дүк $[d'^o ük'^o]$ үлгісінің жасалымы: жасалу орнына қарай – ілгерінді, тілдің тік қалпына қарай – жоғарылы, ерін қатысына қарай – еріндік;

Дыбыстың түрленім үлгілерінің арасындағы айырым-ортақ белгілер жүйесі күрделі болып келеді, өзара салыстырып шығайық:

-дық $[dɪq]$ – кейінді, жоғарылы, езулік;

-дік $[d'ik']$ – ілгерінді, жоғарылы, езулік;

-дұқ $[d^o uq^o]$ – кейінді, жоғарылы, еріндік;

-дүк $[d'^o ük'^o]$ – ілгерінді, жоғарылы, еріндік;

Кез-келген екі жұбы бір не екі айырым белгі арқылы түрленеді екен, бәріне ортақ бір жоғарылы белгісі бар. Әрбір жұбын жеке-жеке талдап өтейік:

-дық $[dɪq]$ – кейінді, жоғарылы, езулік;

-дік $[d'ik']$ – ілгерінді, жоғарылы, езулік;

Кейінді/ілгерінді белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.

-дық $[dɪq]$ – кейінді, жоғарылы, езулік;

-дұқ $[d^o uq^o]$ – кейінді, жоғарылы, еріндік;

Езулік/еріндік белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.

-дық [dik] – кейінді, жоғарылы, езулік;
-дүк [dük] – ілгерінді, жоғарылы, еріндік;
Кейінді/ілгерінді, езулік/еріндік белгілері (екі жұп) арқылы түрленеді.

-дік [dik] – ілгерінді, жоғарылы, езулік;
-дұқ [duq] – кейінді, жоғарылы, еріндік;
Ілгерінді/кейінді, езулік/еріндік белгілері (екі жұп) арқылы түрленеді.

-дік [dik] – ілгерінді, жоғарылы, езулік;
-дүк [dük] – ілгерінді, жоғарылы, еріндік;
Езулік/еріндік белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.

-дұқ [duq] – кейінді, жоғарылы, еріндік;
-дүк [dük] – ілгерінді, жоғарылы, еріндік;
Кейінді/ілгерінді белгілері (бір жұп) арқылы түрленеді.

Заттекті жұрнақтардың **д[d]** талданымы оның еріндік түрленім үлгілерінің де қосымша жүйесіне ақиқат енетінін көрсетеді. Ендеше жұрнақтың барлық түрленім үлгілерін оқу-әдістемелік тұрғыдан ескеріп отыру керек болады.

Төменде көрнекілік ретінде интерактив слайд үлгілерін келтіріп отырмыз.


Д[d] дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Д[d]** дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. **Д[d]** дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай *ұяң* (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы, тоғысыңқы, тербеліңкі* (ұяң) дауыссыз дыбыс.

Д^ы – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады.

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.


Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы, қысаң езулік, кейінді* дауыссыз дыбыс.



Сурет 6 – [dɪq] үлгісінің моделі

Д[d'] дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс болып табылады. Д[d'] дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. Д[d'] дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай *ұяң* (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *тіл ұшы, тоғысыңқы, тербеліңкі* (ұяң) дауыссыз дыбыс.



Сурет 7 – Д[d'] үлгісінің моделі


Д' – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады.

